



№42 (6065) Сенбі, 15 қазан, 2016 жыл Тазет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

«ЖАСТАР — ЖАСТАРҒА!»

атты мәдени-ақпараттық насихаттау керуенінің кездесуі өтті

Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы мен Ұлттық Дельфийлік Комитетінің ұйымдастыруымен Ұлытау ауданының Мәдениет үйінде «Жастар — жастарға!» атты жастардың мәдени — ақпараттық насихаттау керуенінің кездесуі өтті.

Жобаның негізгі мақсаты — қала және ауылдық елді мекендер жастарына тұрғылықты жері бойынша атаулы көмек беретін мәдени ақпараттық-насихаттау керуенін құру, ауыл жастарына бағытталған мемлекеттік және басқа да бағдарламаларды түсіндіруге арналған кешенді шаралар өткізу.

Осы жылдың 12-ші қазанында Ұлытау ауданы жастары мен мектеп оқушылары арасында керуен мүшелері кездесіп, жастар арасындағы өзекті мәселелерді талқылады.

Кездесу «Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ инспекторы Е.Хамитов,



«Қарағанды облысының Дін істері басқармасынан Ж.Ізтілеуов, Ұлытау ауданының Ювеналды полиция бөлімі Н.Дүкенбаев, «Ұлттық Дельфийлік комитет» КҚ М.Әлиакбаров — музыкалық продюсер, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі», Қ.Садуова «Қолжетімді тұрғын үй» бағдарлама-

сын түсіндіру баяндамасымен, Г.Қойбағарова — Қарағанды облысы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ менеджері, Н.Әубәкірова— психолог, «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты Ұлытау аудандық филиалының төрайымы А.Каримовалардың қатысуымен өткен болатын.

Семинар-кеңесте діни экстремизм, ұлттық салт-дәстүр, жастар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық, суицид және жастарды қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы мәселелері қаралды.

Керуен жұмысы бағдарламасына сәйкес келген керуен құрамын жұртшылық ыстық

лебізбен қарсы алып, Ұлытау ауданының Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Сакипов Елбасы саясатын жастар арасында насихаттауда мұндай шараның тиімді де заман талабына сай екендігін айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Шараларға қатысқан ауыл тұрғындарына, жастарға арнайы дайындалған үгіт-насихат материалдары таратылды. Шара әрі қарай ауданымыздың жас өнерпаздарының арнайы дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

Сөзімізді қорытындылай келе, Елбасының, үкіметтің жастар саясаты бойынша, әсіресе жастардың бойында отансүйгіштік, саламатты өмір салты, еңбекке баулу, этика сияқты маңызды құндылықтарды сіңіру, насихаттау сияқты іс-шаралардың маңызы зор.

«Жастар — жастарға!» мәдени - ақпараттық керуені барысында берілген дәрістер өз нәтижелерін беретіндігіне сенімдіміз.

Ұлытау ауданының жастар ресурстық орталығы.

Аудандық Қорғаныс істері бөлімінде

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ — ПАРЫЗ

Отанды қорғау қай кезеңді алсақ та, Қазақстанның әр азаматының қастерлі борышы және міндеті болған және бола береді. Қазіргі таңда Қазақстан өзінің мемлекеттік даму жолында заманауи және кәсіби әскер құруға, елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға үнемі, көңіл бөліп келеді. Осыған сәйкес аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі «Ұлытау өңірі» газеті арқылы 2016 жылдың қазан-желтоқсан айларында күзгі кезекті әскери қызметке шақыру кезеңі жүргізіліп жатқандығын хабарлайды.



Ұлытау ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы, капитан Е.Өткелбаев:

— Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі №229 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің биылғы 7 сәуірдегі №156 бұйрығы негізінде №12/01 қаулы-

сын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына 1989-1998 жылы туылған азаматтарды қазан-желтоқсан айларындағы кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру уақыты басталып жатқаны белгілі. Бұған шақыру мерзімі аяқталған бұрыннан кейбір себептермен кезекті жедел әскери қызметке шақырылмаған аудан аумағында тұрақты және уақытша тұратын жасы әскер қатарына жеткен әрбір азамат шақыру комиссиясына келуге міндетті.

Шақыру комиссиясына шақырылған азаматтар өзімен бірге қажетті іс-құжаттарын шақыру қағазда көрсетілген күні, сол сағатта

мына мекен-жайға әкеліп тапсыруы керек. (Ұлытау селосы, Абай көшесі -17 ғимараттағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі). Егерде, әскери есепте тұрған немесе тұруға міндетті азаматтың жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша белгіленген мерзімде уақытылы келмесе, ешқандай дәлелді себебі болмаса, Қазақстан Республикасының Әкімшілік Кодексінің 647 - бабына сәйкес азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамағаны делініп, бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Сонымен қатар, азаматтарды әскери есепке қою жөніндегі комиссияның немесе әскерге шақыру комиссиясының

жолдамасы бойынша медициналық куәландыратын, не тексерілуден жалтарған жағдайда 648 - бапта көрсетілгендей әскери міндеттілерге, әскерге шақырылатын азаматтарға ескерту жасауға немесе үш айлық, не бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынатындығын ескертеміз. Тағы бір айта кететін жәйт, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау жұмысын жүргізу жұмысы басталды. Келісім-шарт негізінде әскери қызметке баруға ниет білдірген үміткерлерге арнайы талаптар қойылады. Біріншіден — Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек. Сонымен қатар, жоғары немесе арнайы орта,

толыққанды орта білімі бар, жасы отыз бестен аспаған, бұрын Қарулы Күштер қатарында мерзімді әскери қызметін өткерген, психологиялық тұрғыдан қарағанда адами қасиеттері жоғары, осы талаптарға сай келетін әрбір азамат өз жүрек қалауымен келісім-шарт жасасуға болады.

Сөз соңында айтарым, егемен елдің ертеңі — бүгінгі ұрпақ. Алаш Тәуелсіздігінің шайқалмас тірегі, мызғымас қалқаны өскелең ұрпақ екенін ұмытпағанымыз абзал. Мәңгілікке бағдарланған жасампаз мұратты іске асыру — бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі іс. Сондықтан, Отанды қорғау, елімізге адал қызмет ету, әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Оған аса жауапкершілікпен қарап, шақыру қағазын алысымен дер кезінде шақыру комиссиясына келіп, тіркелгені жөн. Осыған әркез тиянақты болайық, жауаптылықпен қарайық, - деп сөзін түйіндеді, аудандық Қорғаныс бөлімінің басшысы.

Аудандық баспасөз орталығы.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

18 тамыз 2016 жыл

№24/01

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ҰЛЫТАУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ
«ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ
ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ АТАУЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 7 маусымдағы «Кейбір үлгілік құжаттарды бекіту туралы» №482 бұйрығының негізінде Ұлытау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігі «Ұлытау ауданының жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің «Ұлытау ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. Қоса беріліп отырған Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің «Ұлытау ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы бекітілсін (қосымша №1).

3. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің «Ұлытау ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Б.Шахметов) заңмен белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуден өткізсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары **Е.Өткелбаевқа** жүктелсін.

Ұлытау ауданының әкімі

Х.ОМАРОВ

Ұлытау ауданы әкімдігінің 18 тамыз 2016 жылғы №24/01 қаулысына №1 қосымша

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ҰЛЫТАУ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІНІҢ «ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ
ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ****1. Жалпы ережелер**

1. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің «Ұлытау ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Орталық) Қарағанды облысының Ұлытау ауданының аумағында жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру және «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын іске асыру бойынша функцияларды жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық мекеме нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің 2011 жылғы 25-ші мамырдағы №13/03 қаулысымен құрылды.

4. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімдігі Орталықтың құрылтайшысы болып табылады.

Құрылтайшының заңды мекенжайы: 101500, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 27 үй.

5. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орган Орталыққа қатысты уәкілетті орган болып табылады.

6. Орталықтың толық атауы:

Қазақ тілінде: Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің «Ұлытау ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

Орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Центр занятости населения Улытауского района» акимата Улытауского района Карагандинской области.

7. Орталықтың орналасқан жері: 101500, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Абай көшесі 23 үй.

2. Орталықтың заңды мәртебесі

8. Орталық құрылды деп есептеледі және ол мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Орталықтың дербес балансы, Қазақстан Республикасының банк ісі тура-

лы заңнамасына сәйкес қазынашылықта шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары болады, сотта талапкер және жауап беруші болып шығады.

10. Орталықтың кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде өз құрылымдық бөлімшелері (штаттық бірліктері немесе мамандары) болуына рұқсат етіледі.

11. Орталық өзінің барлық міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі қаржылық қаражаттармен жауап береді. Орталықтың қаржылық қаражаттары жеткіліксіз болған кезде, құрылтайшы оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауаптылықта болады.

12. Орталықтың азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Орталық қызметінің мақсаты мен түрлері

13. Орталық қызметінің мәні халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын көрсету болып табылады.

14. Орталық қызметінің мақсаты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

15. Орталық мақсатқа жету үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Халықты жұмыспен қамтудың жай-күйін бағалауды және дамуын болжауды, халықты еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар етуді жүзеге асырады;

2. Заңда көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қосымша шараларын іске асыруды жүзеге асырады;

3. Өтініш білдірген адамдарды жұмыс іздеуші және жұмыссыздар ретінде тіркейді;

4. Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы анықтама береді;

5. Жұмысынан айрылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен әлеуметтік төлем тағайындау үшін тізбесін халықты

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген қажетті құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және Мемлекеттік корпорацияға жібереді;

6. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша қызметтер көрсетеді;

7. Жұмыс іздеп жүрген адамдарға және жұмыссыздарға лайықты жұмыс таңдауда жәрдемдеседі, жұмысқа орналасу үшін жолдама береді;

8. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

9. Жұмыссызды жұмысқа орналастырудың жеке картасын жүргізеді;

10. Әлеуметтік келісімшарттар жасады, оны орындау мониторингін жүргізеді;

11. Еңбек делдалдылығын көрсетеді;

12. Азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу мәселелері бойынша хабардар етеді және консультациялық қызметтер көрсетеді, үміткерлердің әлеуметтік қолдауға мұқтаждығына бағалауды және олардың құжаттарын қабылдауды жүргізеді;

13. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына әлеуетті қатысушыларды іріктеуді және бөлуді жүзеге асырады;

14. Жергілікті еңбек нарығындағы жұмыс күшіне қажеттілікті айқындайды және мониторинг жүргізеді;

15. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға жолдама береді;

16. Жұмыс берушілерде бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың) болуы туралы, сондай-ақ мүгедектерді, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру квоталарының орындалуы туралы есепке алуды жүргізеді.

Орталықтың өзінің осы жарғымен бекітілген қызмет нысаны мен мақсатына қайшы келетін қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ мәмілелерді жасауына жол берілмейді.

4. Орталықты басқару

16. Директор Орталықтың басшысы болып табылады.

17. Орталықтың директорын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) уәкілетті органы лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

18. Директор Орталықтың жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды, уәкілетті органға бағынады және Орталыққа жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін дербес жауаптылықта болады.

19. Директор жеке басқару қағидатымен әрекет етеді және Орталықтың қызмет мәселелерін өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

20. Директор Орталықтың атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда оның мүддесін білдіреді, Орталықтың мүлкі мен қаражатына мемлекеттік меншік туралы заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, келісімшарттар жасайды, сенімхаттар, оның ішінде қайталап сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді, банктерде Орталықтың шоттарын ашады.

21. Директор Орталықтың қызметіне қатысты актілерді шығарады, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және босатады, ынталандыру шараларын қабылдайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Орталық қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады.

22. Өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және Орталықтың өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігі аясын айқындайды.

23. Орталықтың қызметкерлерін даярлауға және біліктігін арттыруға жібереді.

24. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы, осы жарғы және

құрылтайшы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

25. Орталық директорының жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері өзінің еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соқтырады.

26. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Орталықтың жарғысын бекітеді.

27. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1. Орталық жұмысын үйлестіреді;
2. Орталыққа әдістемелік және ұйымдастырушылық басшылықты жүзеге асырады;
3. Орталықтың жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
4. Орталыққа тиесілі мүліктің нысаны пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
5. Орталық директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздемесін айқындайды;

6. Орталықтың құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

7. Жылдық қаржылық есептемесін бекітеді;

8. Орталыққа берілген мүлікті алуға немесе қайта таратып бөлуге мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға келісім береді;

9. Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Орталықтың мүлкін қалыптастырудың тәртібі

28. Орталықтың шұғыл басқару құқығындағы жеке дара мүлкі болады, ол Ұлытау ауданы әкімдігінің коммуналдық меншігіне жатады.

29. Орталықтың мүлкі негізгі қорлардан және айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ, құны Орталықтың балансында көрсетілетін өзге де мүліктерден тұрады.

30. Орталықтың мүлкі мыналар:

1) оған құрылтайшы берген мүлік;
2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншік туралы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

31. Орталықтың өзіне бекітілген және смета бойынша бөлінген қаражаттың есебінен сатып алынған мүлікті өздiгiнен шеттетуге немесе өзге де тәсілмен иелік етуіне құқығы жоқ.

32. Орталықтың қызметі, Қазақстан Республикасы заңдарымен қаржыландырудың қосымша көздері белгіленбеген болса, облыстық бюджетінен қаржыландырылады.

33. Орталық бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы есептемесін ұсынады.

34. Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру мен ревизия жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

6. Орталықтағы жұмыс тәртібі

35. Орталықтың жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

36. Уәкілетті орган Орталықтың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді құрылтайшының шешімі бойынша жүргізеді.

37. Орталықтың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Орталықты қайта құру және тарату шарттары

38. Орталықты қайта құру және таратуды құрылтайшы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА

18 август 2016 год

№24/01

**О ПЕРЕИМЕНОВАНИИ КОММУНАЛЬНОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ЦЕНТР ЗАНЯТОСТИ УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА»
АКИМАТА УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 февраля 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О занятости населения» и на основании приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 7 июня 2016 года №482 «Об утверждении некоторых типовых документов» акимат Улытауского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Переименовать коммунальное государственное учреждение «Центр занятости Улытауского района» акимата Улытауского района Карагандинской области коммунальное государственное учреждение «Центр занятости населения Улытауского района» акимата Улытауского района Карагандинской области.

2. Утвердить прилагаемый Устав о коммунальном государственном учреждении «Центр занятости населения Улытауского района» акимата Улытауского района Карагандинской области (приложение №1).

3. Коммунальному государственному учреждению «Центр занятости населения Улытауского района» акимата Улытауского района Карагандинской области (Б.Шаяхметов) установленном законодательством порядке произвести государственную перерегистрацию в органах Юстиции.

5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района **Е.Уткельбаева.**

Аким Улытауского района

Х.ОМАРОВ

**Приложение №1 Утвержден постановлением акимата Улытауского района
от 18 августа 2016 года №24/01**

**УСТАВ О КОММУНАЛЬНОМ
ГОСУДАРСТВЕННОМ УЧРЕЖДЕНИИ
«ЦЕНТР ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ
УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА»
АКИМАТА УЛЫТАУСКОГО РАЙОНА
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Центр занятости населения Улытауского района» акимата Улытауского района Карагандинской области (далее – Центр) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций по реализации активных мер содействия занятости, предусмотренных Законом Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О занятости населения» (далее – Закон) на территории Улытауского района Карагандинской области.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение создано постановлением акимата Улытауского района Карагандинской области №13/03 от 25мая 2011 года.

4. Учредителем Центра является акимат Улытауского района Карагандинской области.

Юридический адрес учредителя: 101500, Карагандинская область, Улытауский район, с. Улытау, ул. Абая 27.

5. Уполномоченным органом по отношению к Центру является местный орган по вопросам занятости населения – государственное учреждение «Отдел занятости и социальных программ Улытауского района»

6. Полное наименование Центра: на государственном языке: Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің «Ұлытау ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: коммунальное государственное учреждение «Центр занятости населения Улытауского района Карагандинской области».

7. Место нахождения Центра: 101500, Карагандинская область, Улытауский район, с. Улытау, ул. Абая 23

2. Юридический статус Центра

8. Центр считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Центр имеет самостоятельный баланс, счета в казначействе в соответ-

ствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати и штампы с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием на государственном и русском языках, выступает истцом и ответчиком в суде.

10. Центру допускается иметь свои структурные подразделения (штатные единицы или специалистов) в поселках, селах, сельских округах.

11. Центр по всем своим обязательствам отвечает находящимся в его распоряжении финансовыми средствами. При недостаточности финансовых средств у Центра, субсидиарную ответственность по его обязательствам несет учредитель.

12. Гражданско-правовые сделки Центра вступают в силу после их регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Предмет и цель деятельности Центра

13. Предметом деятельности Центра является оказание мер содействия занятости населения.

14. Целью деятельности Центра является реализация активных мер содействия занятости, организации социальной защиты от безработицы.

15. Для достижения цели Центр осуществляет следующие виды деятельности:

1. осуществляет оценку состояния и прогноз развития занятости населения, информирование населения о состоянии рынка труда;

2. осуществляет реализацию активных мер содействия занятости, предусмотренных Законом, а также дополнительных мер содействия занятости, финансируемых за счет средств бюджета;

3. регистрирует обратившихся лиц в качестве ищущих работу и безработных;

4. выдает справку о регистрации в качестве безработного;

5. осуществляет прием документов, перечень которых установлен уполномоченным органом по вопросам занятости населения, необходимых для назначения социальной выплаты на случай потери

работы за счет средств Государственного фонда социального страхования и направляет их в Государственную корпорацию;

6. оказывает услуги по социальной профессиональной ориентации;

7. оказывает содействие лицам, ищущим работу, и безработным в подборе подходящей работы, выдает направление для трудоустройства;

8. осуществляют взаимодействие с Государственным фондом социального страхования;

9. ведет индивидуальную карту трудоустройства безработного;

10. заключает социальные контракты, осуществляет мониторинг его исполнения;

11. оказывает трудовое посредничество;

12. информирует и предоставляет консультационные услуги гражданам по вопросам участия в мерах содействия занятости, проводит оценку нуждаемости претендентов в социальной поддержке, прием их документов;

13. осуществляет отбор и распределение потенциальных участников в мерах содействия занятости;

14. ведет мониторинг и определяет потребность в рабочей силе на местном рынке труда;

15. выдает направления на участие в мерах содействия занятости;

16. ведет учет о наличии свободных рабочих мест (вакантных должностей) у работодателей, а также о выполняемости квот для трудоустройства инвалидов, лиц состоящих на учете службы пробации, лиц освобожденных из мест лишения свободы, граждан из числа молодежи, потерявших или оставшихся до наступления совершеннолетия без попечения родителей, являющихся выпускниками организаций образования;

Не допускается осуществление Центром деятельности, а также совершение сделок, противоречащих предмету и цели его деятельности, закрепленных настоящим уставом.

4. Управление Центром

16. Руководителем Центра является директор.

17. Директор Центра назначается на должность и освобождается от должности уполномоченным органом области, (столицы, города республиканского значения) в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

18. Директор организует и руководит работой Центра, подчиняется уполномоченному органу и несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Центр задач и осуществление им своих функций.

19. Директор действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности Центра в соответствии с его компетенцией.

20. Директор без доверенности действует от имени Центра, представляет его интересы в государственных органах и иных организациях, распоряжается в установленном законодательством о государственном имуществе порядке имуществом и средствами Центра, заключает договоры, выдает доверенности, в том числе с правом передоверия, открывает в банках счета Центра.

21. Директор издает акты, касающиеся деятельности Центра, в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан принимает на работу и увольняет работников, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на работников Центра, в порядке, установленном трудовым законодательством Республики Казахстан.

22. Определяет обязанности и круг полномочий своего заместителя (заместителей) и иных руководящих сотрудников Центра.

23. Направляет на подготовку и повышение квалификации работников Центра.

24. Осуществляет иные функции, возложенные на него гражданским законодательством Республики Казахстан, настоящим уставом и учредителем.

25. Действия директора Центра, направленные на осуществление Центром

неустановленной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применения мер дисциплинарной и материальной ответственности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

26. Учредитель в установленном законодательством Республики Казахстан порядке утверждает устав Центра.

27. Уполномоченный орган в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществляет следующие функции:

1. Координирует работу Центра;

2. Осуществляет методическое и организационное руководство Центром;

3. утверждает индивидуальный план финансирования Центра;

4. осуществляет внутренний контроль за использованием по назначению и сохранностью принадлежащего Центру имущества;

5. определяет права, обязанности и ответственность Директора Центра, основания освобождения его от занимаемой должности;

6. утверждает структуру и предельную штатную численность Центра;

7. утверждает годовую финансовую отчетность;

8. дает согласие уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного Центру;

9. осуществляет иные функции, установленные законодательством Республики Казахстан.

5. Порядок образования имущества Центра

28. Центр имеет на праве оперативного управления обособленное имущество, которое относится к коммунальной собственности акимата Улытауского района Карагандинской области.

29. Имущество Центра состоит из основных фондов и оборотных средств, а также иного имущества, стоимость которых отражается на балансе Центра.

30. Имущество Центра формируется за счет:

1) имущества, переданного ему учредителем;

2) иных источников, не запрещенных законодательством о государственном имуществе Республики Казахстан.

31. Центр не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ему по смете.

32. Деятельность Центра финансируется из Областного бюджета, если дополнительный источник финансирования не установлен законами Республики Казахстан.

33. Центр ведет бухгалтерский учет и представляет финансовую отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

34. Проверка и ревизия финансово-хозяйственной деятельности Центра осуществляется в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

6. Режим работы в Центра

35. Режим работы Центра не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

7. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы

36. Внесение изменений и дополнений в учредительные документы государственного учреждения производится уполномоченным органом по решению учредителя.

37. Внесенные изменения и дополнения в учредительные документы Центра регистрируются в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан.

8. Условия реорганизации и ликвидации Центра

38. Реорганизация и ликвидация Центра осуществляется в соответствии с гражданским законодательством Республики Казахстан.

ТӘУЕЛСІЗДІК! Бұл сөздің тұңғығында ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл арманы, азаттық жолында құрбан болған талай-талай боздақтардың ұрпаққа қалдырған аманаты жатыр. Ұлы Даланың «қазақ» деген перзентінің азаттық жолындағы мұраты, қасиетті күрестері, тағдыры, алға тартқан тар жол, тайғақ кешулері жатқаны мәлім.

Биылғы Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы — бұл азаттық ұраны ұрпағына ұлағат еткен бабалар үрдісінің жалғасы. Шын мәнінде, еліміз ширек ғасырда ұлт ретінде тарих сахнасынан Көк байрағын желбіретіп, елдің елдігін көрсетті. Еліміздің еркін өмірдегі табыстарының бәрі тәуелсіздіктің нәтижесі.

Бұқар жырау айтқандай, «Үш Жүздің баласының атын бір кезеңге тіреген». Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Батыр Баян сынды әруақты батырлардың күшімен, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би сынды данышпандардың ақылдылығымен, шешенділігімен

қарапайым шаруа баласы, таза бұлақтың суымен сусындап, даланың жусан иісін иіскеп өскен кемеңгер тұлға. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа ғасыр көшінің тізгінін ел жұртының қолдауымен өз қолына алды. Осыншама зор жауапкершілікті өз мойнына алу, бұл елде бұрын болмаған жаңа жолмен жүргізу, жоқтан бар жасау, жаңа қоғамға жаңа сананы қалыптастыру Елбасының маңдайына жазылған тағдыр еді.

Ол жолдың оңайлықпен келмегендігіне төменгі буында жүрген біз де куәгерміз. Сол

ниені талан-таражға салып, Жезқазған – Сәтбаев қалаларына үдере көшті. Тек сонда-рында бұзылған үй, күл-қоқыс қалдырып кету ғана әдетке айналды.

Міне, осындай келеңсіздіктің куәсі ретінде жоғары да айтылғандай, жалпы елдегі қиындықты түгелдей ауыл халқы бастан өткізді.

1993 жылы 15 қыркүйекте Елбасы алғаш рет Ұлытауға келіп, «Халықтар бірлігі монумені» болатын жерге Белгітас қойды. Мемлекет басшысы Хан Ордасында болғанда қарсы алу іс-шарасына мен де қатысып, қазақы дәстүрдегі



шағына сеніммен қарайтын жағдайға келдік. Ток жүйесі реттеліп үзіліссіз беріліп, көшеге шамдар қойылып жарықтандырылды. Жаңадан ауызсу құбыры салынып сумен қамтамасыз ету жолға қойылды. Көше тазалығы үйілген күл-қоқыс сыртқа шығарылып, көгалдандыру қайыра жолға қойылды. Айлық, еңбекақы, түрлі төлемдер, зейнетақы уақыты берілетін болды. Жабылып қалған мәдени ошақтар, клуб, кітапхана үйлері күрделі жөндеуден өтіп қайыра мәдени көпшілік жұмыстары жасалына басталды.

ге қабілетті екенін көрсетті. Президент бастамасымен құрылып, ұлттық — мемлекеттік саясаттың орталық институты ретінде қалыптасқан Қазақстан халқы Ассамблеясына әлемде балама жоқ. Елдегі ұлттық келісім мен татулық және өркенді даму Елбасы Н.Назарбаевтың жеке еңбегі, әрі басты саяси жетістігі деп білеміз. Бүгінде өтіп отыратын түрлі дін өкілдерінің, Ассамблея жиынының бәрі елдің ішкі тұрақтылығының айқын көрінісі. Бұл өз кезегінде бір ғана мемлекеттің аумағындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының үлгісі іспетті. БҰҰ бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан алғашқыда Ассамблеяны құру идеясына, кейіннен оның жұмысына өте тамаша баға берді. Ассамблея қазір жаңа Конституциялық мәртебеге ие болып, заңды түрде еліміздің Парламентінде біздің көпұлтты халқымыздың мүддесін қорғайтын болды. Шетелдік ғалымдар «Назарбаев моделі»

деп заңды бағасын берген бұл стратегия кемелді де, мықты іскер басшылыққа және қазақстандықтардың кең көлемдегі қолдауына барған сайын үлкен халықаралық қолдау мен мойындауларына ие болуда.

Елбасының 1997 жылы жариялаған «Қазақстан-2030»

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ

екі алып империяның аузынан аман алып шыққан, ақылды да парасатты Абылай ханның азаттық жолындағы еңбегі өлшеусіз. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов ұлт үшін барлық саналы өмірін тіпті бүкіл ғұмырын ел мүддесіне арнаған арысымыз шын мәнінде, ол халқымызға ояну дәуірін туғызған алыбы, қайсар тұлғасы. Ал, 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» қазақтың ұлт тәуелсіздік үшін ең соңғы күресі. Бұл тәуелсіздік бізге қажырлы күреспен келді. Сондықтан, желтоқсан көтерілісі сол күрестің ең соңғы куәсі. «Желтоқсан!» қалғып бара жатқан қазақтың қайта оянған рухы. Сонымен бірге бұл өршіл намыс пен мұқалмас жігердің Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира сынды жүздеген, мыңдаған жастар бейнесінде лапылдап жанған алауы. Ол армандар

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңды қабылдағаннан кейін жүзеге асты.

Тәуелсіздікті жариялаудың өзі қаншалықты оңайға түспесе, оның іргетасын бекіту, одан да қиын мәселе болып шықты. Халықтың байлығы қолдан суып кетті, кәсіпорындардың шығаратын өнімі мен шикізат өткізу ісі тоқтап, өнеркәсіп құлдырап қалды. Кеңестік шаруашылықтар тарап, ауыл халқы дүркіреп қалаға көшті. Қарапайым жұрт қалжырады. Айлық зейнетақы мезгілімен берілмеді. Жастар жұмыссыз қалып, маскүнемдік, парақорлық етек алды. Әтемақысы болмағандықтан ауылда шам сөніп, су берілмей, халықтың тұрмыс тіршілігі төменгі жағдайға жетті.

Міне, осындай алмағайып заманда Алатау баурайындағы



жылдары мен Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы Аманкелді атындағы кеңшардың директоры едім. Біздің кеңшар ауданымыздағы алдыңғы қатарлы, әр жылды миллиондаған таза пайдамен, табыспен аяқтап жүрген шаруашылық еді. Өз таза пайдасы есебімен 25 төсектік аурухана, сазбен емдейтін емханасымен сәбилер үшін сүттен үш түрлі тағам дайындайтын асхана, тұрмыстық қызмет көрсету үйін салып құрамында алпыс өнерпазы, халықтық атағы бар «Сарлық самалы» ән-би ансамблі мен драма театрын кеңшар өз қаражатымен ұстады. Көше жолы асфальтталды. Монша-сауна бассейні салынып, халыққа қызмет көрсетілді. Кеңшар жұмысы едәуір алға басып, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Бірақ, кеңшар тараған кезде жергілікті тұрғындар бар дү-

рәсімдерді жасап, барлық жұмыстарды облыс, аудан басшылығы тапсырмасына сай өз қолыммен атқарған едім. Кездесу барысында ел Президентінің айтқан сөздері бүгінгі күнге дейін әлі есімде. Өңіміздің негізгі түйіні ел келешегі жайлы айтылып еді. Елбасы әр сөзінде: «Егеменді ел болудың жүгі жеңіл болмайды, ендігі жерде қалай өмір сүретіміз, қалай еңбек етуімізге байланысты. Дәулетті тұрмыс құрудың арқауы жұмысты жақсы істеуден басқа амал жоқ» деп бүкіл қазақстандықтарды адал еңбекке шақырғаны бүгінгі күнге дейін есімде сақтаулы.

Бұдан кейін ел орнығып жеке кәсіпте жұмыс жасап, көптеген шаруа қожалықтары құрылды. Жеңілдетілген несие мен өнімге және мал басына субсидия берілді. Жағдай дұрыстала бастады ел бола-

және ЕЛБАСЫ

Бұл айтылғандардың бәрі Елбасының 2003-2005 жылдардағы «Ауылды дамыту жылы» деп жариялаған қамқорлығының аясында атқарылған іс еді.

Бүгінде Қазақстан Республикасын танымайтын-білмейтін төрткүл дүниеде ел қалған жоқ шығар. Ол әрине, Елбасының төмендегідей баяндалған кемеңгерлігінің арқасында.

«Елбасы Егемендікті паш етудің алғы шарты мемлекеттік рәміздер Елтаңбасы мен Туы болуы болса бұл да көпшіліктің қолдауымен қабылданды. Аз уақыт ішінде мемлекеттік шекараны белгілеу мен межелеу мәселесі шешілді. Егемен Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатын мақсатты жүргізуге мүмкіндік беретін Конституция қабылданды.

Ел дамуының негізіне «алдымен экономика, сосын саясат» жолын таңдаған Елбасының қанатты ұғымы жаңа мемлекетті құру мен дамытудың бірегей моделіндегі негізі өзегі болды.

1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бүгінгідей бірқатар мемлекеттің орнықты дамуына этникалық және діни жанжалдар айтарлықтай қатер төндіріп отырған күндерде Елбасы Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап ұлтаралық келісімді, ел бірлігін мемлекет саясатының басты қағидасы ретінде белгіледі. Қазақстанның мұндай мәселелерді жүйелі түрде шеше білу-

стратегиясында ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтудың бір жолы ретінде халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін түбегейлі шешуді нұсқады. Оны игеру үшін тиісінше бағдарламалармен оны жүзеге асыратын іскер мамандар дайындау қажеттілігі ескерілді. Мұнда саяси жаңғыртудың әрбір жаңа кезеңі қол жеткен экономикалық, әлеуметтік дамудың саяси мәдениеттік деңгейімен байланысты болуы.

1997 жыл «Жалпыұлттық татулықпен саяси қуғын — сүргін құрбандарын еске алу жыл» болып жариялануы жазықсыз жапа шеккендерді халықтың жүрегіне оралтқан игілікті іс болды.

1998 жыл «Халықтар бірлігімен ұлттық тарих жылы» деп аталып, сырттағы жәдігерлерді, тарихи ескерткіштерді елге оралтуға мүмкіндік туды.

2002 жыл «Денсаулық жылы» Қазақстан халқының денсаулығы үшін үлкен жасалған жақсылық жылы болды. Бұл жылда да жабылған ауруханалар, ОДА, ФАП болып қайта ашылды. Халыққа дәрігерлік көмекті оңтайландыру шаралары жүзеге асты. Аурухана мен емханаларға жедел жәрдем машиналары берілді. Маман дәрігерлерді дайындау талабы қойылып, дәрігерлердің біліктілігін арттыруға жедел-жәрдем көрсету үрдісі жақсарды.

(Жалғасы 5-бетте).

(Соңы. Басы 4-бетте).

Осылайша қазақ даласында жаңа дәуір басталып, қоғам жаңарды. Қаланың ауылдың келбеті, халықтың ой санасы, тұрмыс – тіршілігі өзгеріп, жаңа заман келді. Тарихымыз, әдет-ғұрпымыз, салт – дәстүріміз жаңғырды, демократияны сезінген жұрттың тілі шықты, ана – тіліміз, дініміз, қайта оралды, еліміздің сыртқы-ішкі саясаты қалыптасты, ынтымақ – бірлік орнықты. Көптеген партиялар мен қозғалыстар өмірге келді. Әр ауылда машина көбейді, тойханалар салынып, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Ауылдағылар құдайы тойларын қалалардағы үлкен қым-

қазақстанның рәмізіне, барша қазақстандықтардың мақтанышына айналды. Жас Елорда халықаралық бәсекеде топ жарып ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік көрмесін өткізу құрметіне ие болды. Астананың абыройың асқақтатып, бас қаламызда өткізілетін халықаралық көрме, елімізді жаңа инновациялық даму биігіне көтеретіндігі сөзсіз.

Астана Елбасының қолымен тұрғызылып, ерен еңбегінің нәтижесінде өмірге келген туынды. Астана мен Елбасы есімі ел назарында егіз ұғым болып қалыптасты. Өйткені, жаңа дәуірдегі жаңа Қазақстанның жаңа Астанасының салынуы еліміздің Тұңғыш Президенті

дасы басымдық алып келеді. «Соңғы жылдары менің жұмыс бабына байланысты әлемдік беделге ие болған саясаткерлермен, бизнес жетекшілері мен халықаралық қаржы институтының басшыларымен, министрлермен, үкімет басшыларымен жиі кездесуіме тура келді. Олардың барлығы біздің елімізбен әріптестікті және өздерінің әртүрлі мақсаттағы байланыстарын кеңейтуге және нығайтуға мүдделілік танытатындығын атап айтуға тиіспін», - деген болатын Н.Назарбаев. Бұл сырт елдің Қазақстандық даму жолына және моделіне берген жоғары бағасы, әрі сенімі еді.

Бүгінгі заманның жаңа

делдетуге бағытталған стратегияны тұжырымдап берді. «Қазақстан әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан 50 елінің қатарында болуға тиіс» деген жаңа өршіл алайда, қолжеткізуге болатын мақсат қойды. Бұл міндет ағымдағы сұраныс ауқымынан әлдеқайда жоғары. Әрине, бұл ұмтылыстың мәнінде қазақстандықтарды барынша сапалы тұрмыс деңгейіне жеткізу көзделген. Мұның өзі «Назарбаев моделінің» нәліктен халықаралық дәрежеде даусыз әрі кеңінен танылғандығын, әлемдік қауымдастықта зерделеу мен үлгі алу өнегесіне айналғандығын айқындайтын маңызды фактор.

Ең бастысы, «Назарбаев моделінің» болашағы әлі алда. Бұл ұзақ тарихи келешекке негізделген «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» болашағы. Қазақстан Үкіметі және оның

дер деп ойлаймын. Біздің барлығымыз жаңа Қазақстанды орынды мақтан тұтамыз. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесі қарсаңында ол туралы жар сала айтудың ешқандай артықшылығы жоқ. Қазақстанның жетістіктерінде біздің көп ұлтты халқымыздың әрбір азаматының білімі, білігі мен еткен еңбегінің қолтаңбасы жатқаны сөзсіз. Сондай-ақ, саяси және қоғамдық көзқарастарының сан-алуандығына қарамастан біздің қоғамымыздың барлық мүшелері өз елінің болашағының нұрлы болуын тілейтініне және сол жолда барлық күш-жігерін жұмсауға әзір екеніне де сенімдімін.

Біз сол нұрлы болашаққа батыл қараймыз: Қазақстан Президентінің стратегиясы — «Назарбаев моделі» — Қазақстанның XXI ғасырдағы гүлденуі мен тұрақты дамуына деген нық сенімді қамтамасыз ете отырып, іс жүзінде өзінің тиімділігін, өміршеңдігін дәлелдеді», - дейді К.Мәсімов.

Бойында туа біткен қасиетімен өмірлік тәжірибесі, төзімшілдігі сабырлылығы, ұстамдылығы бар Президентіміз бүкіл қазақстандықтардың сеніміне ие болып, айналасына топтастыра алатын алғыр саясаткер, дара тұлға екенін танытты.

Қазақстанның қазіргі жетістіктерін, жүріп өткен табысты жолын әлемнің белгілі қайраткерлері мен саясаткерлері «Жалпы Қазақстан қоғамы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен өмірге келген, күнбе-күн іс жүзінде асырып келе жатқан авторлық стратегиясы» деген баға береді.

28 тамыз 2016 жылы Қазақстан Азия – Тынық мұхит мемлекеттер тобынан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдарға тұрақты емес мүшесі болып сайлануы Қазақ елінің халықаралық аренадағы беделі мен Елбасының өлшеусіз зор еңбегі екені сөзсіз.

Тәуелсіздіктің бастауында болған Елбасы Н.Назарбаев ел ертеңін де айқындады. Елдің Тәуелсіздігі, оның Елбасы, Елдің келешек дамуы – осы үш ұғым Тәуелсіз елдікті жариялап, оның әлем жұртшылығы таныған саясаткер, ел халқының сеніміне ие болған Ұлы тұлға, елдегі қиыншылықты жеңе білетін білгір басшы деп біліп, келешекте дамыған үстіне дамыта түсуге халықты бастап жүре алатын Көшбасшысы деп біледі, отандастары.

Бүгінгі 550 жылдан астам тарихы бар Қазақ елінің алғашқы іргетасын қалап, туын көтерген Керей мен Жәнібек тарихта қалай аталса, Егеменді Қазақ елін бүкіл әлемге танытып, әлем жұртшылығы мойындаған кемеңгер ұлы саясаткер, талантты Елбасы, Ұлт Көшбасшысы, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев есімі, «Мәңгілік Ел» қазақ тарихында алтын әріппен жазылып қалары сөзсіз.

Жақыпбек ДАЙЫРОВ,
Аманкелді ауылының
еңбек ардагері.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ

және

ЕЛБАСЫ

бат тойханаларда атап өтетін дәрежеге жетті. Қазақстанды әлем танып, Елбасының жер дүниедегі ықпалы артты. Кезінде Армения мен Әзербайжан арасындағы таулы Карабах үшін соғысты тоқтатуға, таяу уақыттағы Ресей мен Түркия арасындағы түсініспеушілік, қырғи қабаққа ара ағайындық жасап, ымыраға келтірді. Бұл Елбасымыздың әлем мойындаған кемеңгер, ұлы саясаткер екенінің айғағы. Халықаралық түрлі жиындарда Мемлекет басшысы Қазақ елінің беделін асқақтатып, мәртебесін көтерді.

Әлемде қуаты жөнінен 4-ші ядролық арсеналды Одақ тарағаннан кейін ие болып қалған Қазақстанға, Қазақстанның Тұңғыш Президенті қарсылықтарға қарамастан 1991 жылы тамызда Семей ядролық сынақ полигонын өз Жарлығымен жапты. Бұл игі істі адамзат баласының мүддесіне ядролық қару-жарақсыз әлем құруға бастама жасаған Қазақ елінің басшысы — Н.Ә.Назарбаев еді. Содан бастап 29 тамыз күнін БҰҰ «Ядролық сынақтарға қарсы іс қимыл халықаралық күні» деп жариялады. Ядролық қарусыз кезеңді бастаған Ұлы тұлға ретінде Н.Ә.Назарбаевты әлем жұртшылығы танып, ризашылығын білдіруде.

Тоқсаныншы жылдар ел экономикасының өрлеуі, өсуін қалыптастырумен өткен он жылдық болды. Дамуының алғашқы кезегінде Қазақстан өз Көшбасшысының басшылығымен қысқа мерзім ішінде түбегейлі құрылымдық өзгерістер жасай білді.

Екінші кезең күш жинау он жылдығы болды. 2000 жылдан бастап жұмыс күшіне біріктіруге бағытталды. Елбасының осындай көрегендігінің арқасында жаһандық экономикалық дағдарыстың салдары мен салқыны Қазақстанға онша әсер ете қойған жоқ.

Жалпыұлттық жетістігіміздің жарқын мысалы — жаңа Астанамыз. Халықтың гүлденуін, бар қуатымен күшін бойына жиган Астана жаңа

– Елбасы Қазақ мемлекеттігін өркенді дамытып, бүкіл әлемге таныту жолындағы дәуірлік ерлігі деп айта аламыз және оған басқаша баға беру де мүмкін емес.

Міне, бүгінде біз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағытымен алға жылжи отырып, өз дамуымыздың үшінші кезеңіне, жедел модернизацияның он жылдығына аяқ бастық. «Қазақстан -2020» бағдарламасына енгізілген мақсаттар Қазақстанның дамуына тың серпіліс берді. Осылайша тарихи өлшемдер бойынша тым қысқа мерзімде экономикалық және саяси күйзелістен өтіп, жылдам дамып келе жатқан нарықтық экономикасы, саяси тұрақтылығы, ұлттар мен діндер арасында тату, халықаралық беделді қазіргі заманауи әлеуметтік Мемлекетке жеттік. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның қарқынды дамуының сәулетшісі» атанды. Ол бүкіл әлем мойындап құрмет тұтатын жетістіктері мол Қазақстан мемлекетін құрды. Қазақстанның барлық жетістіктері, оның саяси ерлігі мен бағытталғандығының арқасында болып отыр.

Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ - ға төрағалық етуі, біздің еліміздің жүйелі демократияландыру, әлеуметтік-экономикалық өсуінде және жеке Мемлекет құру ісіндегі сөзсіз жетістіктерін дәлелдейді. Сонымен бірге біздің болашағымызға арналған бағытымызға берілген саясаткерлердің бағасы. Осы жылдар ішінде еліміз жеке өзіне тән Қазақстандық даму жолымен жүріп келеді. Бұл жолды таңдауда әлемдегі жинақталған тәжірибелер де ескерілді. Алайда, Қазақстан Президенті тұжырымдаған: «Біз ешкімнің көшірмесі болуға тырыспаймыз, керісінше біздің елімізге және біздің халқымызға қажетті істерді ғана жүзеге асырамыз», деген қағи-

экономикасының және Мемлекеттілігінің іргетасының берік қалануы Қазақстан басшысының сол бір сын сәттегі таңдауының өзін толық ақтаған айғағы. Қысқа мерзімнің ішінде ыдырау үрдісін еңсеріп, нарықтық экономиканың негізін қалыптастыруға, Қазақстандық мемлекеттіліктің іргетасын қалауға, бір партиялық үстемдіктен саяси көппартиялыққа көшуге қос палаталық Парламенттік басқаруға көшу, елімізде демократиялық дамудың дәйекті негіздерін қалауға қол жеткізді. Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық дамуда халықтың тұрмыс деңгейі өсті. Қазақстанның ТМД-ның көптеген елдерінің алдында келе жатқанын білеміз. Қазақстанда өмір сүру орта жасының жетпіс екіге жеткені халықтың әлеуметтік - тұрмыстық жағдайы жақсарғанының айғағы, Бала туу көрсеткіші жоғарылап, оған төленетін төлемдердің де артып отырғаны Елбасының халыққа деген шынайы қамқорлығының көрінісі.

Бүгінгі таңда «Назарбаев моделі» өзінің сыртқы және ішкі ортаның өзгерістеріне алдын ала бейімделе алатын және үдемелі қарқынмен алға басатын қабілетін тағы да айқын паш етуде. Қазақстан халқына арналған кейінгі жыл сайынғы Жолдауында Н.Назарбаев Қазақстанның өмірлік өлшемдері жоғары осы заманғы бәсекеге қабілетті Мемлекет ретінде дамуын же-

басшысы ретінде мен, «Қазақстан Президенті белгілеген жаңа стратегиялық мақсаттар мен тактикалық міндеттерге қол жеткізу, қажымас қайрат

жұмсауды, ұсақ-түйек дегенді білмейтін күнбе-күнгі мұқият нысаналы жұмыс жүргізуді, көп ретте тұтастай алғанда, атқарушы билік тарапынан жаңа көзқарасты және жаңа пайымдауларды талап ететінін терең түсінеміз. Бүгінде біздің ортақ күш-жігеріміз Президенттің «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында алға қойылған басым міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылған.

Өзіміздің басты жауапкершілігімізді біз, Қазақстанның екпінді алға басуының жаңа кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық дамудың кезекті сапалық қарқынын қамтамасыз етуде деп білеміз. Президент белгілеген Қазақстанның жаңа даму кезеңінің стратегиялық міндеттерін жүзеге асыру барысында Үкімет ағымдағы экономикалық жағдайлардың құбылуына және сыртқы экономикалық қолайсыз ықпалға байланысты дер кезінде шаралар қолданатын болады. Біздің барлық іс-қимылымыздың басты нәтижесі — Қазақстан халқының өмірін әлемдегі өзіміз қатарына қосылуға нысаналы түрде ұмтылып отырған озық елдердің тұрмыс деңгейіне сай келетіндей сапалық және әлеуметтік өлшемдер тұрғысынан тұрақты арттыра беру екенін біз жақсы түсінеміз. Біздің оған толық құқымыз бар, ең бастысы, ойға алғанымызға жету үшін бізде барлық алғышарттар жасалғанына да келісесіз-

Мереке мерейі

«ҚАРТТАРЫМ –
АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»

**Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария.
Көп өнеге көзі бар, ойы – соқпақ, сөзі – нәр.
Ата салты ардақты, әрбір сөзі салмақты,
Сол сөздерді ұқпасаң, тістерсің бір күн бармақты.**



Зымыраған сағат тілінің шексіз тықылдап соғуына мән бермеген біз, уақыттың қалай жылдам өтіп кеткенін сезбей қаламыз. Жуырда мектебімізде және ауылымыздың Мәдениет үйінде 1 қазан – Қарттар күні мерекесі аталып өтті. Неткен, шіркін, уақыт десенізіші! Бүгінде ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетіміз қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, үкімет тарапынан жан-жақты қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбіт, тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыз. Қарттар күні – саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салған алдыңғы буын аға-апаларымыздың мерекесі! Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарттар – біздің асыл қазынамыз! Осыған орай мектебімізде қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты кеш өткізілді.



Кеште мектеп оқушылары дайындаған көріністері, кейбір оқушылардың өз ата-әжелеріне арнап жазған өлеңдері оқылды, қарттарға арналған жыр шумақтары мен әсем әндер орындалды. Кеште орындалған әндер көрермендер көңілінен шығып жатты, әсіресе қарттарға арналған қойылым көпшіліктің көзіне жас үйірді. Сондай-ақ, кешке шақырылған қонақтарға өскелең ұрпақ ізгі тілектерін, жылы лебіздерін жеткізді. «Асыл дініміз Исламда үлкендерге құрмет көрсету ерекше маңызға

ие. Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Қандай да бір жасы үлкен кісіге құрмет көрсетсе, Алла оған жасы ұлғайғанда құрмет көрсететін адамды жолықтырады» деген екен. Осы мақсатта мектебімізде құрылған «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары ауылымыздағы жалғызбасты ата-әжелеріміздің үйіне барып қолғабыс көрсетті. Риза болған қарттарымыз оқушыларға ақ баталарын берді.

Иә, халқымызда, «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Ақсақалы сиреген ауылдан ар-иман қашады» деген қанатты сөздер бар. Өйткені, кез-келген қазақ шаңырағындағы ата-ана өз баласын үлкендерді сыйлауға тәрбиелейтіні ақиқат. Жастарды осынау игілікке итермелеген игі істер мен қарт-

тарға арналған осындай кештің мәні де, маңызы да зор деп ойлаймын. Сондықтан барша өскелең ұрпақты қазыналы қарттарымызға ұдайы құрмет көрсетуге шақырамын.

Қ.ШӘРКЕН,
№7 Сарысу орта мектебінің 10 сынып оқушысы.

Суреттерде: мектеп оқушылары қарт анаға қолғабыс жасап жүр.

«ҚАРТТАРЫ БАРДЫҢ –
ҚАЗЫНАСЫ МОЛ»

**Ақиқатты айқындап жариялар,
Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса, бүлк етіп толқымайтын,
Бара жатыр сарқылып дариялар...**

М.МАҚАТАЕВ.



1990 жылы желтоқсан айының он төртінші жұлдызында Бас Ассамблея 1 қазанды «Халықаралық Қарттар күні» деп жариялаған болатын. Асылында, бұл мереке XX ғасырда пайда болды. Басында қарттар күні Еуропада, кейін Америкада тойланған, ал 80 жылдардың аяғынан бері бүкіл әлемде атап өтіліп келеді.

Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат – өскелең ұрпақ пен мектеп оқушыларының бойында қарт адамдарға деген адамгер-

шілік, қайырымдылық және мейірімділік сезімдерді қалыптастыру, жастарды үлкенді құрметтеуге, жалғызбасты қарттарға әрдайым қамқор болуға тәрбиелеу.

Бұл күні біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, оқушылар мен студенттердің тарапынан қарияларға көмек көрсетілетін алуан түрлі жобалар ұйымдастырылып, мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақылар тағайындалады.

Өңірімізде қарттар күніне орай «№1 Ұлытау жалпы орта білім беретін мектебі базасындағы Тірек мектебі (РО)» КММ тәлімгерінің ұйымдастыруымен қазан айының 4-і күні «Қарттарға қамқорлық көрсетейік!» атты акция өткен болатын. Бұл акцияға 8-сынып оқушыларынан жасақталған топбелсене араласты.

Шара аясында оқушылар Тайжан көшесінің тұрғыны Жүзбаева Жаңыл апаның үй шаруасына қолғабыс жасап, отын жарып, ауланы тазартып жәрдемдесті. Барлығы шаруаға білек сыбана кірісіп кетті. Қыз балалар үйдің сыртын әктесе, ұл балалар екі қолға ара алып, ағаш кесуге кірісті. Барлығы өз міндеттерін жақсы атқарды. Апаның бақшасын тазалап, ретке келтірді. Жаңыл апа оқушыларымызға жылы лебізін білдірді.

Ең маңыздысы қарттарымыздан бата алып, алғыс алғанға не жетсін?! Мұндай акциялар алда да жалғасын тауып, барлық қарттарымыз біздің назарымызда әрдайым болады деген сенімдеміз.

А.МЫҢБАЙ,
№1 Ұлытау орта мектебінің тәлімгері.



Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай кентімізде жарқын істер бастау алып, түрлі шаралар атқарылуда. Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының ұйымдастыруымен жазғы саябақта зейнеткер ата-әжелерімізге арналған «Зейнеткерлер аллеясының» ашылу салтанаты және «Асыл қариялар» атты шағын концерт өтті.

25 ЖЫЛҒА —
25 АҒАШ

Жазғы саябақ шарлармен безендіріліп, көңілді әуен ойналып, іс-шараға кентіміздегі аяулы ақсақалдар, ақжаулықты әжелер келіп жайғасып отырды. Жүргізуші Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының әдіскері Кушекова Жанар келген қонақтарды мерекелерімен құттықтап, бүгінгі іс-шараның өту барысымен таныстырып өтті. Кент әкімі Б.Нұрбалаев пен

шағын концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Өншілеріміз А.Смағұлов «Әкеге арнау», «Алтын ана», Д.Алдажанова «Жалт-жұлт еткен дүние-ай», «Сарыжайлау», А.Сағындықов «Әке арманы», «Мөлдіреген жанарың», Ж.Ерденова «Ана жүрегі», Ю.Настась «Қазақстан» әндерін орындаса, «Айгөлек» балабақшасының бүлдіршіні И.Биғали «Қошақан», «Қазақ



кентіміздің жанашыр ақсақалы Қ.Төлеубаев «Зейнеткерлер аллеясын» ашты. Аллеяда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына «25 жылға — 25 ағаш» акциясы аясында 20 зейнеткер мен 5 Тәуелсіздік құрдастары өз аттары жазылған жеміс ағаштарын отырғызды. Болашақта кентіміз, еліміз көркейіп, гүлдене берсін деген мақсатпен жеміс ағаштарын отырғызды. Мәдени-сауықтыру орталығының қызметкерлері Ф.Сұлтанов, Л.Молдабаева, А.Сәдуақасовалар қарттарымызға өз көмектерін көрсетті. Ағаш отырғызып болған соң іс-шара мерекелік

елі» композициясын орындап, асыл қарияларымызды мерекелерімен құттықтады. Концерттік бағдарлама соңынан «Қарттарым, қадірлеген ел ардақты» тақырыбында іс-шараға қатысушы қариялармен шахмат, шашки, домино ойындары ойнатылды. Мәдени-сауықтыру орталығы атынан сыйлықтар табысталды. Келген көрермендер үлкен ризашылықпен үйді-үйлеріне тарасты.

Г.ЖЕҢСІКБАЕВА,
Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының жасөспірімдермен іс-шара ұйымдастырушысы.

Білім ордаларында

ҰСТАЗЫМ – ҮЛГІ-ӨНЕГЕ, ҰЛАҒАТЫМ!

Жылдағы игі дәстүрмен қазан айының алғашқы демалысында келетін Ұстаздардың төл мерекесі, №7 Сарысу орта мектебінде де аталып өтті. Мерекелік кешке ардагер-ұстаздар шақырылды. Кеш екі бөлімнен: ұстаздарға арналған мерекелік концерттен және мектебімізде көп жылдар бойы еңбек еткен кісілерді зейнеткерлік демалысқа шығарып салу рәсімінен құрылды.



Бірінші бөлімде мерекелік кешті мектеп директоры С.Құрманбаев ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтады, жеткен жетістіктерін бағалап, Мақтау қағаздарымен марапаттады. Атап айтсақ, Н.Дүйсенбекова, Г.Жалбырова, Ж.Көшербаева, А.Балабекова, М.Тұңғышбаева, Г.Әлиманова сынды бірқатар ұстаздар мектеп директорының Мақтау қағаздарына иеленді. Мерекелік кешті мектеп оқушылары әуелеген әнмен, мың бұралған бимен, «Жас Ұлан» ұйымының жайдарман әзілдерімен, мектеп ұстаздарына арналған арнау өлеңдерімен әрлеп отырды. Ұстаздар қауымына арнайы дайындаған «Жас Ұлан» ұйымының шоқ гүлдері табыс етілді.

Екінші бөлімде, мектебімізде

ұзақ жылдар еңбек еткен, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған аға-апаларымыз – математика пәнінің мұғалімі Мейірбек Бұзауды және мектебіміздің іс-қағаздарын жүргізген Зейнеп Көпжасарованы зейнеткерлік демалысқа шығарып салумен жалғасты. Мектеп ұстаздары зейнеткерлерге арнайы дайындаған гүл шоқтары мен сыйлықтарын табыс етті.

Кеш жоғары деңгейде өткізілді. Шақырылған ардагер-ұстаздар ризашылықтарын білдіріп, қимастықпен тарқасты.

Т.ТӨКЕЕВА,
мектеп тәлімгері.

Суретте: зейнетке шыққан аяулы жандар әріптестері арасында.



БІРЕУГЕ БАҚ, БІРЕУГЕ ЫРЫС ҚОНАР

Қарсақбай кентіндегі «Ж.Жабаев атындағы №15 Қарсақбай орта мектебінде «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілді. Жыл сайын мектепте «Мектепке жол» акциясы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек ретінде өткізіліп келеді. Биылғы акция Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналды. Осы бағытта атқарылып жатқан игілікті жұмыстар көңіл қуантарлық дәрежеде. Яғни, акция барысында 40 оқушыға 82500 теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Қарсақбай металлургия зауытының директоры М.Мәткенов пен кент әкімі Б.Нұрғазин 30 балаға әр оқушыға 2000 теңге көлемінде жасалған оқуға қажетті құрал-жабдықтармен демеушілік көрсетті.



Жезқазған қаласындағы «Медина» тігін ательесі 12700 теңге көлемінде оқушы формасы тегін тігіп берілді. Сондай-ақ мектеп мұғалімдері А.Кемелбекова, Б.Шмакова, Ж.Қошмұратқызы, А.Әбікенқызы өз үлестерін қосты.

Республикалық деңгейде жүргізіліп жатқан «Мектепке жол» акциясына қатысып, балаларға жүректерінің жылуын сыйлап, қолұшын берер азаматтарымыз көп болғай. Қайырымдылық іс-шарасына қатысқан балалар қуанып, акцияны ұйымдастырушыларға және қызметкерлерге алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді. Жоғарыда аталған шара алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, жоғары деңгейде өткізіледі деген үміттеміз.

Г.АЙЖІГІТ,
№15 Қарсақбай орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

«Айгөлек» балабақшасына — 11 жыл

Қарт Ұлытауымыздың төрінде, егемен еліміздің көгінде орналасып, пәк жүректі ақ көңіл бүлдіршіндердің бала-лық шақтарының куәсі «Айгөлек» балабақшасына міне, биыл 11 жыл толып отыр.

БАЛАЛАРДЫҢ БАЛ МЕКЕНІ —

«Айгөлек»

Келешектің келісті болуы, келешек ұрпағымыздың ой-өрісін дамытып, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу жолында балабақшаның маңызы зор. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Жезді кентінде коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Айгөлек» балабақшасы 2005 жылдың 1 маусымында «Балапан» бағдарламасы аясында құрылды. Жалпы балабақшада бүлдіршіндер жас ерекшеліктеріне сай, топ-топпен қабылданып, жаңа мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының стандартына сай жұмыс істеп келеді. Балабақшаның алғашқы меңгерушісі Ботагөз Базылбекова «Айгөлек» балабақшасының негізін құрып, 8 жыл басқарды. 2013 жылдан бері жас та болса бас бола білген Динара Сейтмағанбетова басқарып келеді. Сонымен қатар осы 11 жыл ішінде «Айгөлек» балабақшасының жетістіктері де ауыз толтырып айтарлық. 2011 жылы мектеп жасына дейінгі облыстық «Сарыарқа дарындары» интеллектуалдық байқауында Н.Көлбай ағылшын тілі бойынша I Дәрежелі дипломмен, 2012 жылы мектеп жасына дейінгі облыстық «Сарыарқа дарындары» интеллектуалдық байқауында А.Ермек математика бойынша IV дәрежелі дипломмен,



халықпен амандасып, Жезді кенті әкімі Б.Нұрбалаев пен аудандық кәсіподақ төрағасы Ш.Үмбетовке, Жезді кенті әйелдер қоғамының төрайымы Қ.Камаловаға, Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығы директоры басшысының міндетін уақытша атқарушы А.Смағұлова құттықтау сөз кезегін берді. Құт-

«Адамзатқа арнау» әндеріне көрермендер зор ықыласпен қошемет көрсетті. Кеш соңында Жезді кенті әкімі Б.Нұрбалаев пен мекеме басшысы Д.Сейтмағанбетова тәрбиешілер З.Орынбаева, А.Жалпақованы аудан әкімі Х.Омаровтың «Құрмет грамотасымен», тәрбиеші А.Оспанова мен тәрбиешінің көмекшісі З.Медебаеваны аудан әкімі Х.Омаровтың «Алғыс хатымен», күзетшілер А.Әуесханова мен Г.Кенішбаева, кір жуушы М.Ахнаеваны аудан әкімінің «Алғыс хатымен», тәрбиеші Б.Байсарина, әдіскер С.Шагирова, психолог М.Садықова, медбибі Ж.Смағұлова, есепші А.Досанова, шаруашылық меңгерушісі А.Түсіпбекова, күзетші Т.Базылбековты Ұлытау ауданы білім бөлімінің басшысы Б.Әбдрайымовтың «Алғыс хатымен», мұғалім С.Кутеева, канстиянша К.Шорманова, аула сыпырушы Б.



2012 жылы «Маленькая страна» байқауында вокал номинациясы бойынша III-Дәрежелі дипломмен, 2013 жылы «Маленькая страна» байқауында би номинациясы бойынша «Айгөлек» бишілер тобы I-Дәрежелі дипломмен, 2013 жылы Алматы қаласында өткен «Күншұақ» конкурсында би номинациясы бойынша «Балауса» бишілер тобы I-Дәрежелі дипломмен, 2014 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық телевизиялық «Ғұмырдария» байқауында би номинациясы бойынша II-Дәрежелі дипломмен, 2016 жылы «Ассоль» балаларды жан-жақты дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Маленькая страна» байқауында би номинациясы бойынша II-дәрежелі дипломмен т.б. марапатталған. Балабақшадағы әрбір маман иесі өз ісіне тыңғылықты, жауапкершілікпен қарап, балалардың шығармашылықтарын дамытуда үлкен үлес қосып келеді.

Жақында Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығында «Айгөлек» балабақшасының 11 жылдық мерейтойына арналған концерттік бағдарлама өтті. Жүргізушілер, осы балабақшаның түлектері Айдана, Асылхан, Назым



тықтау сөзден кейін балабақша түлектері мен қазіргі тәрбиеленушілері сахна төріне шығып «Айгөлек» флеш-моб биін билеп, одан әрі «Ақ көгершін», «Өрқашан күн сөнбесін» хорын орындады. Мың бұралған биші түлектер «Қуыршақ», қазақ биі «Шашу», бүлдіршіндер үнді биі «Леча-леча», «Кәріс» биі, «Гүлдер», «Алға қазақ жігіттері», «Батырлар ұраны», «Жас дәуірдің түлектері» композицияларын, «Дефеле мода», «Қазақ елі» әнін, заманауи «Флеш-моб» билерін, жас әншілер С.Әбдіқадыр

Жетпісбаева, жуушы Қ.Кенжеғұлованы «Айгөлек» балабақшасының басшысы Д.Сейтмағанбетованың «Алғыс хатымен» марапаттады.

Еңбек жолындағы педагогтар мен барлық «Айгөлек» балабақшасының ұжымына биік белестерден көрініп, еңбектеріңіз жана берсін, «Айгөлек» балабақшасы жарқырап, көркейіп, гүлдене берсін демекпіз!

Ж.АЙНАБЕК.
Жезді кенті.

Имандылық иірімдері

Шәкәрімнің
бес сауалы
және

ҚАЗІРГІ ИСЛАМ

«Творец». «Жаратылмыш» – «он сегіз мың ғалам» мен адам. Бұл да ортақ категория. «Жаратқан» – шексіз, себепсіз, абсолютті, ырықсыз, құдіретті күшті ғарыш пен

негізгі пошымы, оның сымбаты, оның өзгеру заңдылықтары сол қалпы. Микроәлемде де – мен атомдық деңгейде айтамын – еш өзгеріс жоқ және болмақ емес. Ал

Ең әуелі Шәкәрім қажының әруағының алдында тіземді бүгіп кешірім сұраймын. Бұдан 70-80 жылдай бұрын қандықол қарақшы жауыздың оғынан шеит өлген бейкүнә қажыны іздеген жан табылмады. Туған ұлы «Құрқұдықтан» тауып алғанша сүйегі топырақ қауып жатты. Әрине, бұған қатыгез заманы да, қаныпезер адамы да кінәлі. Дауыс шығара алмаған біз де кінәліміз. Қажының әруағы орнына түскеннен кейін ғана қазағымның жұлдызы жоғарылай бастады деуге негіз бар. Қазағы үшін жанын сарып еткен Кенесарының да әлі де байыз таппай жүрген әруағы туралы осыны айтуға болады. Қазақтың басы Қазақстанда Отанында қалуы шарт. Топырақта есіл азаматының сүйегімен құнарланады. Шетте шеит болған туыс-туғанының сүйегін еліне қазып алып Отанына апарып қоятын халық дәстүрі осыған саяды. Шәкәрім қажы «Айқап» журналының 1912 жылғы 5 санында күллі қазақ білімділеріне арнап ислами діни көзқарасқа байланысты бес түрлі сұрақтың шешуін сұрайды. «Өншейін жұмбақ емес, өз ойымызша, адамның екі дүниесіне бірдей керек. Бұл сөздерге дін кітабынан дәлел көрсет деймін, тура ғана ақыл қабыл аларлық дәлел болса екен... Бұл сұраған сөздерімді халық пайдасы деп ойлаймын».

Шәкәрім қажы қойған «Бес сауал» мыналар: Алланың адамды жаратқандағы мақсаты не? Адамға тіршіліктің ең көрегі не үшін? Адам өлген соң мейлі не жөнмен болсын, рахат-бейнет (сауап-азат) бар ма? Ең жақсы адам не қылған кісі? Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзелеп бара ма, бұзылып бара ма?

Ғасыр басындағы ылаңға байланысты қажы сөзі жауапсыз қалды. Алайда Шәкәрім сұрағы мәңгі. Бұл сұрақты дара Шәкәрім ғана емес, анадан шыр етіп дүниеге келген әр адам баласы қояды. Осы сұрақтарға жауап алу арқылы қазақтың тұңғыш кәсіби ойшылдығы, қазақ философиясының дүниеге позициясын анықтамақ болса керек-ау. Сұрақ келте қойылғанына қарамай, мән-мағынасы аумақты. Біз жауабымызды Ислам дініне байланыстыра отырып даярладық. Өйткені Қазақстанның оңтүстігі мен батысындағы орын алып отырған соңғы оқиғалар бір кезде қажы қойған мәселелерді қайтадан алға шығарып отыр.

Алланың адамды жаратқандағы мақсаты не? «Жаратқан» – Алла Тағаланың көп атының бірі. Ол дін мен философия үшін ортақ философиядағы орысша атауы –

табиғатқа сіңген, демек меншікті бейнесі жоқ, тумаған және тудырылмаған, ешнәрсеге тәуелді де, кіріптар да емес, бір өзі билейді, бір өзі біледі, бәрінен хабардар. Әмбебап философияда универсал. Әлемдік рух абсолюттік идея деп жатады. Бірақ заттық мәні сайып келгенде Жаратушыны білдіреді. Жаратушы хақты көрмейміз, алайда жаратылмыш «он сегіз мың ғаламның» ортасында ғұмыр кешеміз, оларды түйсік мүшелеріміз арқасында сезінеміз, сипаты мен нұсқасын, кемістіктегі орнымен өзімізге қатынасын білеміз. Жаратылмыш құбылмалы, өзгеріп тұрады. Абай данамыздың «Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек» деуі содан. Қазақ ой жүйесінде «жалған», «өткінші», «алдамшы» – категорияларының мықтап орнығуы да сонан. Жаратылмыштағы өзгерістер қаншама тұрақты болғанымен олар белгілі принциптерге бағынышты. Олар ғылыми және діни көзқарастар үшін ортақ ғылыми дәйектенген: Өзгерістер өзара тәуелді, бірі – бәрінде, бәрі – бірінде. Адамнан басқа да ақыл-ой болмайды және болмақ емес, демек дін туралы сезіну адам үлесі. Тірі өлмек, өлгенге қайтып келмек жоқ. Жансыздан жанды тумақ жоқ.

Қазіргі ғылым ғарыштың шексіз екеніне шүбә келтірмейді. Шексіздік сан емес, сапамен өлшенеді де оның кіндігін табу оңай. Кіндік – әр ойлаушы пенде. Космос кеңістігі әр ойлаушының, пенденің «мені» арқылы өтеді. Бұл жағынан да діни көзқарас пен ғылыми пайым ортақ. Дүниедегі ең ірі табиғат зерттеушілердің көзқарастары

ның сайып келгенде Жаратушыны мойындайтыны сондықтан болар. Платон, Ньютон, Эйнштейн секілді алыптармен қатар өзіміздің Ақжан Машановты айтсақ та жеткілікті болар. Осының барлығы сайып келгенде телеологиялық үйлесімдікті (бір-біріне жаппай тәуелділік, ол тәуелділіктің ту басында абсолютті рух құдай тұруы) құрайды да бір Жаратушының хақ екендігін адам санасының алдында растайды, барлығы Алла Тағалаға келіп тіреледі. Мұнан үлкен өмірлік мақсат болуы мүмкін емес. Адамға осы рухқа мінежат ету ғана қалады. Мұны зайырлы ғылым діни монизм деп атайды.

Адамға тіршіліктің ең көрегі не? Тіршілік қажеттілігінің екі жағы бар. Бірі – дүниенің о баста жаратылғандағы қалпы мен сипатын сақтау үшін күрес, жанталас. Бұл жаратушының баршасына ортақ. Атомдық-молекулалық деңгейден макродеңгейге дейін бастапқы формасынан негізінен бұлжымай, өзгермей тұр. Жаратылыстың Күн системасының тарихын ғылым 4 млрд. жыл деп есептейді. Ең алғашқы біртұршалы организмдер жаршырында пайда болғанына 3,8 млрд. жыл, ал көпторшалылардың пайда болғанына 1 млрд. жыл өткен екен. Сөйте тұра палеонтология тіршіліктің дүниеге келу кіндігін ашуға қабілеті жоқ. Жанды дүние өзінен өзі пайда болу теориясын (өзінен өзі тіршілік пайда болатын «сорпа») француздың ұлы ғалымы Луи Пастердің тәжірибелері жоққа шығарды. Тіршілік космостың басқа жерінен «жұқты» дегендер мәселені принципті түрде шеше алмайды. Бірақ дүниенің

тіршілік үшін күресетін әлем тек осы заңдылықтар арқасында дами алады, кем-кетігін толықтырып, жаңғырып, жаңарып, сауықтырып толығып отырады, ескінің орнын жаңа, көрінің орнын жас, аурудың орнын сау, т.т. толықтырып отырады, мұны «тіршілік үшін күрес заңдылығы» дейміз. Тіршілік үшін күрес заңдылығын тоқтату мүмкін емес. Тоқтатамын, я әлеуметтік ортадағы қуатын мойындамаймын деген адам Сталин еді. Бұл заңдылықтың қоғамдағы әрекетін ол тап күресімен алмастырды. Нәтижесі қандай апатқа әкеліп соқтыққаны аян. Бұл заңдылықтың қоғамдағы әмбебаптығын мұнан әрі дәлелдеп жату артық болар. Сұрақтың екіншісі жағы руханиятқа байланысты. Қажының сұрағы да осыған саяды. Бұл адамға ғана тән. Адам өзі секілді жалғасын ғана дүниеге келтірумен шектеліп қоймай, оның бойына белгілі бір жүйеге түскен әлеуметтік қасиеттерді сіңіруді де мақсат етеді. Мәселен, біздің мұсылман болуымыз – ата-аналарымыздың тәрбиесінің жемісі. Солардың аманаты. Адам туа мұсылман, әлде христиан болмайды. Ұлы моғолдар падишасы Акбар әр діни конфессиядан 12 сәбиді адам әлеуметінен оқшау бағып тәжірибе жасайды. Кемелетке толар шағында қамаудан шығарып құдайының атын сұрайды. Бірақ балдырғандар құдайының атын айтқанның орнына ит болып үреді, мысық болып мияулайды, құс болып қаңқылдайды. Діни сана әлеуметтік дамудың нәтижесі Құдайға құлшылық та сол сананың бөлігі. Демек, адамға дүниенің осы

ырқына көну, мойынсыну. Өзінен туған ұрпақты да осыған баулу парыз. Құдайдың ең үлкені өзіміздің төремізде отыр. Ол бізді дүниеге алып келген, адам санатына қосқан ата-анамыз. Біз солардың базар тілімен айтқанда «меншігіміз», Алла Тағала жан-жануарға ғұмырды өлшеп береді. Артық жоқ. Өлшемі – тұқым. Жан-жануарлардың өмірі үш кезеңге бөлінеді. Балиғатқа дейінгі кезең, балиғат кезеңі және балиғаттан кейінгі кезең. Артық жоқ. Адам ғұмыры ғана ұзақтау ол адам баласын әлеуметтік жүйеге бейімдеу үшін беріледі.

Адам өлген соң мейлі не жөнмен болсын, рахат-бейнет (сауап-азат) бар ма? Кімнің болмасын қаһарынан қорқып барып оған тізе бүккен, тәу еткен жанды иманы түгел деп санай алмаймын. Оның да «ішкі есебі» бар шығар Абай айтқандай, «сырты бүтін, іші түтін». Бірдеме де сырты абыз. Дін – базар емес! Иманды саудалауға болмайды. Иман – мұсылманның ұяты, намысы мен абыройы. Басқа діндерден озық жері де осында тұр. Еліміз бер жеріміз жаңғыру үстінде. Шынайы мұсылманшылықтың ауылы әлі алда. Исламның күші қаруда емес, ақыл мен парасатта, қарапайымдылық пен ілтипатта. Дүниені сілкілдіріп аяғынан тік тұрғызған Ақсақ Темір ұстазының аяғын құшып жатыр. Үлгі тұтарлық керемет өзіміздің төл тарихымызда молдап кездеседі. Оны қазақ «жігіттің падишасы» деп құрмет тұтады. Өз рухыңа берік бола біл.

Ең жақсы адам не қылған кісі? «Түсі жылы адамнан түңілме» деген сөз бар. Иманды адамның түсі жылы келеді, өйткені ол адамға именіп «адамнан алсам» емес, «адамға қайтсем беремін» деп тұрады. Алламен бірге адамдарға да тәу етіп тұрады.

Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзелеп бара ма, әлде бұзылып бара ма? Мейірім кем, жалған кісімсу, жиған боғыңа дандайсұ басым. Соның жуан ортасында біз де жүрміз. Өтірік өрге жүрді, нан табу кәсібіне айналды. Осының барлығы «Мұтылғандай» әулиемізден күштеп айырған большевиктік атеизмнің салдары. Дегенмен, құдай жолына түскен жанға сеніммен қараймын. Дүниені түбінде дін мұсылман жеңеді. Оған арқау боларлық үш тұжырым бар, олар: Отбасы берекелілігі. Зинақорлыққа тыйым. Мінежат сөзінен жаңылмас үшін ішімдікке қарсылық.

**Әнуарбек қажы
ДӘУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ,
Сарысу ауылы мешітінің
бас имамы.**

Өмір

БАСПАЛДАҚ –
БАҒА

ке» барғанда біраз мықшындайсың. Бұған кететін шығын әр отбасының өз құзырында. «Мектеп» бітіп, ел-жұрттан қалмай балаңды жоғары оқу орнына оқытқанда, ой-ной жон терің сыпырылады. Оның құны кім-кімге де белгілі. Төрт-бес жылғы «институт» атты белес бітіп, балаңды ғұмырының құзырлы мезгілі өтетін өткел «мекеме» атты мекемеге тұмсық тірегенде ой-ной алақайлап бөркінді аспанға атасың. Өйткені, балаңа деп шығындануыңның бас-аяғы осымен бітеді.

Итшілеп өмір өте береді. Ғұмырыңның құзырлығы «мекемеде» өтіп, дін амандығына тәубе етіп, келесі баспалдақ – «Қарттар үйіне» жиған-тергенінді өткізіп тыныш таба-сың. Дегенмен барыңды «Қарттар үйіне» қаттатып қапы қалмағаның мақұл. Өйткені, дүниеге келген екенсің, алда «өлім» атты өзекті баспалдақ тұр. Яғни, «зират» атты мәңгілік орныңның құн-бағасын алдын-ала өткізіп қойғаның жөн.

Мұнымен айтарымыз – пенденің ғұмыр бағасы біз бағамдаған бағаның о жақ, бұ жағы болып келеді де, өмір баспалдағы «перзентханадан» басталып, «балабақша», «сүннет», «мектеп», «институт», «мекеме», «қарттар үйі» болып, соңғысы «зиратпен» аяқталады.

**Дайындаған
Тәшен ЕСІМСЕЙІТҰЛЫ.
Мибұлақ ауылы.**

Пенденің ғұмыры қамшы сабындай қысқа десек, оны шыр етіп дүние есігін ашқаннан, яғни өзі жылап дүниеге келіп, кетерінде үрім-бұтағын еңіретіп кететін мезгіл арасын негізгі баспалдаққа бөлуге болады екен. Ал егер баспалдақ бағасын шығарып отырсақ, пенде бет-пердесі белгіленіп, ғұмыр құны белгілі болады. Істерге қара жоқтықтан демекші, өз өре, таным-түйсігіміз бойынша, бұл баспалдақ бағаны былайша бағамдап бағасын берейік. Жарық дүниені «перзентханада» көреді. Сүйіншісі бар, сүлгісі бар, көлденеңдеген «кесерова» бар – 150 доллар беріп, ақ халатты абзал жандар алақанынан өз сәбиінді әзер дегенде аласың. Бұдан кейінгі белді баспалдақ – беске толып, «сүндетке» отырғызу бел-белесі. Бұған кемі 200 көк қағаз құны кетеді. Бұның арасында «балабақша» атты бағбан бар. Бұған берерің тұрған мекен-жайың, мекеме мәзіретімен белгіленеді. Ал, алақайлап «мектеп-

БЖЗК туралы 5 сауал

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ ЕҢБЕКАҚЫДАН ҚҰРАЛАДЫ



5 вопросов о ЕНПФ

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ СКЛАДЫВАЮТСЯ ИЗ ЗАРПЛАТЫ

Бүгін біз БЖЗК туралы 5 сауал аядамында БЖЗК-дағы жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты, уақытылы және толық аудару қажеттілігі туралы айтамыз. Сіздің белсенді еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі қамсыздандыруыңыз елеулі дәрежеде осыған байланысты.

Сегодня в рубрике 5 вопросов о ЕНПФ мы говорим о необходимости регулярно, своевременного и полного перечисления обязательных пенсионных взносов на индивидуальный пенсионный счет в ЕНПФ. Ведь от этого в значительной степени зависит ваше обеспечение после завершения активной трудовой деятельности.

1. БЖЗК-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері неге байланысты?

БЖЗК-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері БЖЗК-ға уақытылы аударылған зейнетақы жарналарының көлеміне, жиілігіне, ұзақтығына және толықтығына тікелей байланысты. Осыған орай БЖЗК салымшыларға БЖЗК-ға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агенттер аударымдарының уақытылы және толық болуын тұрақты түрде өз бетінше бақылауға кеңес береді. Зейнетақы жинақтарыңызды кез келген БЖЗК бөлімшесіне барып не интернет-хабарландыруды таңдап тексере аласыз.

2. Кім зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агент бола алады?

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есебіне жазатын) және БЖЗК-ға аударатын жеке немесе заңды тұлға, сонымен қатар қызметін Қазақстан Республикасында шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға агент бола алады. Басқа сөзбен айтқанда, агент – сіздің жұмыс берушіңіз.

3. Агенттің міндеттері қандай және оларды бұзғандағы жауапкершілігі қандай?

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 39-бабының 10-тармағына сай агент БЖЗК-ға міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақытылы есептеуге, ұстап қалуға (есепке жазуға) және төлеуге міндетті.

Заңның бұл нормалары бұзылса, нақты төленген және қызметкер кіріс алған жағдайда, агент уақытылы ұстап қалмаған (есебіне жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агенттер мерзімі өткен әрбір күнге (Мемлекеттік корпорацияға төлейтін күн қосылады) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлердің пайдасына аударуы тиіс (Заңның 28-бабының 1-тармағы). Сонымен қатар, Заңның 29-бабының ережелеріне сәйкес агенттер Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды жүргізуге міндетті және міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен мін-



детті кәсіптік зейнетақы жарналарын төленетін қызметкерлерге есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын туралы мәліметті есептіден кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ай сайын ұсынуға міндетті.

4. Зейнетақы жинақтары жоқ не жеткіліксіз адамдар не істеуі керек?

БЖЗК-да зейнетақы жинақтары жоқ не зейнетақы жарналарын тұрақсыз аударылатын тұлғаларға, сондай-ақ жұмысқа орналасқысы не қосымша жұмыс істегісі келетін адамдарға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Тұлғаларға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік қызметінің стандартын әзірлегенін хабарлаймыз, қызметті Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандардың және қалалардың жергілікті атқарушы органдары, оның ішінде облыстардың Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары мен Астана және Алматы қалаларының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары тегін көрсетеді.

5. Бұл қызметті пайдалану үшін не істеу керек?

Мемлекеттік қызметті пайдалану үшін жергілікті атқарушы органдарға (мекенжайларын және байланыс телефондарын қоса беріп отырмыз) не www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталына өтініш білдіру қажет.

Аталған мемлекеттік қызметті көрсетудің түпкі мақсаты – өтініш білдірген тұлғалардың жұмысқа орналасуы.

Бұл ақпарат Сізге пайдалы болады және БЖЗК-дағы зейнетақы жинақтарыңыздың өсуіне, оның ішінде жұмысқа орналасу арқылы өсуіне, осыған орай сіздің БЖЗК-дан алатын болашақ зейнетақыңыздың мөлшерінің ұлғаюына көмегі тиеді деп үміттенеміз.

БЖЗК байланыс орталығы 14-18 (Қазақстан аумағында қоңырау шалу тегін) www.enpf.kz.

1. От чего зависит размер пенсионных выплат из ЕНПФ?

Размер пенсионных выплат из ЕНПФ напрямую зависит от величины, частоты, длительности и полноты своевременно перечисленных пенсионных взносов в ЕНПФ. В этой связи ЕНПФ рекомендует вкладчикам на регулярной основе самостоятельно контролировать своевременность и полноту перечисления агентами по уплате обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов пенсионных взносов в ЕНПФ. Проверять свои пенсионные накопления вы можете, обратившись в любое отделение ЕНПФ либо выбрав интернет-информирование.

2. Кто может являться агентом по уплате пенсионных взносов?

Агентом может являться физическое или юридическое лицо, включая иностранное юридическое лицо, осуществляющее деятельность в Республике Казахстан через постоянное учреждение, филиалы, представительства иностранных юридических лиц, исчисляющие, удерживающие обязательные пенсионные взносы, обязательные профессиональные пенсионные взносы в ЕНПФ в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. Другими словами, агентом является ваш работодатель.

3. Какие обязанности у агента, и какую ответственность он несет в случае их нарушения?

Согласно пункту 10 статьи 39 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон) агент обязан своевременно исчислять, удерживать (начислять) и уплачивать обязательные пенсионные взносы и обязательные профессиональные пенсионные взносы в ЕНПФ.

При этом в случае нарушения данной нормы Закона, своевременно не удержанные (не начисленные) и (или) не перечисленные агентом суммы обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов при условии фактической

выплаты и получения работником дохода взыскиваются органами государственных доходов или подлежат перечислению агентами в пользу вкладчиков обязательных пенсионных взносов, работников, в пользу которых уплачиваются обязательные профессиональные пенсионные взносы с начисленной пени в размере 2,5-кратной официальной ставки рефинансирования, установленной уполномоченным органом, на каждый день просрочки (включая день оплаты в Государственную корпорацию) (п.1 статьи 28 Закона).

Кроме того, в соответствии с положениями статьи 29 Закона агенты обязаны вести первичный учет исчисленных, удержанных (начисленных) и перечисленных обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов по каждому работнику в соответствии с порядком, установленным законодательством Республики Казахстан и обязаны ежемесячно не позднее 15 числа месяца, следующего за отчетным, представлять вкладчикам обязательных пенсионных взносов и работникам, в пользу которых уплачиваются обязательные профессиональные пенсионные взносы, сведения об исчисленных, удержанных (начисленных) и перечисленных обязательных пенсионных взносах, обязательных профессиональных пенсионных взносах.

4. Что делать тем, у кого отсутствуют пенсионные накопления либо их недостаточно?

Для тех лиц, у которых отсутствуют пенсионные накопления в ЕНПФ либо пенсионные взносы перечисляются нерегулярно, а также тех, кто хотел бы трудоустроиться либо получить дополнительную работу, сообщаем, что Министерством здравоохранения и социального развития Республики Казахстан разработан стандарт государственной услуги «Выдача направлений лицам на участие в активных формах содействия занятости» (далее – государственная услуга), которая оказывается местными исполнительными органами городов Астаны и Алматы, районов и городов областного значения, в том числе Управлениями координации занятости и социальных программ областей и Управлений занятости и социальных программ городов Астаны и Алматы бесплатно.

5. Что делать для получения данной услуги?

Для получения государственной услуги необходимо обратиться в местные исполнительные органы (адреса и контактные телефоны прилагаем) либо на веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz.

Конечной целью оказания данной государственной услуги является трудоустройство обратившихся лиц.

Надеемся, что данная информация окажется для вас полезной и поспособствует в увеличении ваших пенсионных накоплений в ЕНПФ, в том числе посредством трудоустройства, следовательно, в увеличении размера вашей будущей пенсии из ЕНПФ.

Контакт-центр ЕНПФ 14-18 (звонок по Казахстану бесплатный) www.enpf.kz.

«МҮГЕДЕКТЕРГЕ ПРОТЕЗДІК-ОРТОПЕДИЯЛЫҚ КӨМЕК ҰСЫНУ ҮШІН ОЛАРҒА ҚҰЖАТТАРДЫ РЕСІМДЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

4. Мемлекеттік қызметті

көрсету нәтижесі: мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну мерзімдерін көрсете отырып құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі-хабарлама).

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттармен (бұдан әрі - құжаттар) қоса өтініш беруі мемлекеттік қызметті көрсету рәсімдерін (іс-қимыл) бастауға негіз болады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға жолдайды.

Нәтижесі – тіркеу журна-

лына жазу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын белгілейді.

Нәтижесі – жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 8 жұмыс күні ішінде құжаттардың толық және дұрыс ресімделгенін тексереді, хабарламаны дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді.

Нәтижесі - хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жібереді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде хабарламаға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жібереді.

Нәтижесі – хабарламаны көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесіне жібереді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде хабарламаны тіркеу журналына тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Нәтижесі - тіркеу журналы-

на тіркейді және көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алғандығы туралы қолы.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті бе-

рушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын белгілейді;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 8 жұмыс күні ішінде құжаттардың толық және дұрыс ресімделгенін тексереді, хабарламаны дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде хабарламаға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жібереді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде хабарламаны тіркеу журналына тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен көрсетілмейді.

Утвержден постановлением акимата Карагандинской области от 30 мая 2016 года № 37/04

РЕГЛАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «ОФОРМЛЕНИЕ ДОКУМЕНТОВ НА ИНВАЛИДОВ ДЛЯ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ИМ ПРОТЕЗНО-ОРТОПЕДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ»

1. Общие положения

1. Государственная услуга «Оформление документов на инвалидов для предоставления им протезно-ортопедической помощи» (далее - государственная услуга).

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами районов и городов областного значения (далее - услугодатель) в соответствии со стандартом государственной услуги «Оформление документов на инвалидов для предоставления им протезно-ортопедической помощи», утвержденным приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 279 «Об утверждении стандартов государственных услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11342), (далее - Стандарт).

2. Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется через услугодателя.

3. Форма оказания государственной услуги: бумажная.

4. Результат оказания го-

сударственной услуги: уведомление об оформлении документов с указанием сроков предоставления инвалидам протезно-ортопедической помощи (далее - уведомление).

Форма предоставления результата оказания государственной услуги: бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

5. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является заявление услугополучателя с приложением необходимых документов, указанных в пункте 9 Стандарта (далее - документы).

6. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут осуществляет прием и регистрацию в журнале регистрации полученных от услугополучателя документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя.

Результат - запись в журна-

ле регистрации и направление на рассмотрение руководителю услугодателя;

2) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня рассматривает документы, определяет ответственного исполнителя услугодателя.

Результат - определение ответственного исполнителя;

3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 8 рабочих дней проверяет полностью и правильность оформления документов, готовит уведомление и направляет на подписание руководителю услугодателя.

Результат – направляет уведомление на подпись руководителю услугодателя;

4) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня подписывает уведомление и направляет в канцелярию услугодателя.

Результат – направляет уведомление в канцелярию услугодателя;

5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут регистрирует в журнале регистрации уведомление и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

Результат - запись в журна-

ле регистрации о выдаче и роспись услугополучателя о получении государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

7. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

1) специалист канцелярии услугодателя;

2) руководитель услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя.

8. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут осуществляет прием и регистрацию в журнале регистрации полученных от услугополучателя документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя;

2) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня

рассматривает документы, определяет ответственного исполнителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 8 рабочих дней проверяет полностью и правильность оформления документов, готовит уведомление и направляет на подписание руководителю услугодателя;

4) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня подписывает уведомление и направляет в канцелярию услугодателя;

5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут регистрирует в журнале регистрации уведомление и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

4. Описание порядка взаимодействия с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

9. Государственная услуга Государственной корпорацией «Правительство для граждан» не оказывается.

ТЖ бөлімі хабарлайды

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Жуырда Ұлытау ауданы ТЖ бөлімі қызметкерлері өрттердің санын және адамдардың өлімін азайту мақсатымен осы жылдың қыркүйек айынан бастап өрттерді болдырмау және адамның улы газбен улануының алдын алу және де болдырмау үшін Ұлытау ауданының аумағында жылыту маусымының алдында өрт қауіпсіздік тақырыбында Ұлытау ауданы «Ұлытау өңірі» газетінің тілшісімен брифинг өткізілді.

Брифингте Ұлытау ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманының ұйымдастыруымен Ұлытау ауданының №48,49-өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері бірлесіп, тұрғын үйлерге өрттердің алдын алуын, адамдарды өрт қауіпсіздік шаралары туралы баяндады. Бүгінгі күні бөлімнің қызметкерлерімен өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлерімен 1591 адамды қамтумен 355 үй ауласын аралады, онда 2109 жадынамалар таратылғаны жөнінде айтты. Бала-бақшалардан бастап мектептерге дейін, адамдардың арасында, өрт қауіпсіздік деңгейінің өсуіне және адамдардың мүліктерімен тұрғын үй қорын сақтауға түсіндірмелі және профилактикалық жұмыстар туралы да айтылды, әрі тұрғындарға жылу беру маусымы кезінде өлде үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Тұрғындармен өрт қауіпсіздік ережелерін өткізу барысында, ток көздерінің ақауларына, пеш қазандықтарының талапқа сай емес екендіктері және де қыстан қалған құл-қоқыстарды жағып ауламызды ластап, осы бір жыл-



дан жылға ұласқан кемшіліктер белен алуда. Брифинг аясында журналистер қауымынан жылу беру маусымы кезіндегі іс-шаралар туралы сұрақтар қойып нақты жауап берген ТЖ бөлімі бастығының міндетін атқарушы Н.Сабағанов, күнделікті тұрмыстағы ескере бермейтін жайларға мұқият болу керектігін айтып, келесідей қысқаша түсінік беріп өтті.

Үйдің айналасын, төбесін қоқыстардан, тез жанатын заттардан үнемі тазалап отыру керек; тұрғын үйде, шатырда, қора-сарайда шылым шегуге және шылым қалдықтарын сөндірмей тастауға болмайды; балаларға сіріңке, отпен ойнауларын қадағалап отыру керек; үй ішінде электр желілерін, сырттан келетін электр желілерін үнемі тексеріп отыру керек. Электр есептегіштерге қолдан жасалған «жучоктарды» пайда-

лануға болмайды; газ (көро газ) күнделікті пештерін ағаш қабырғаға, мебельдерге жақын қоюға және оларды шамадан тыс қатты жағуға болмайды; толық сөнбеген көмірді, отынды коридорға, ағаш сарайға, кіреберіске жақын қоюға болмайды; үйді жылытуға қолдан жасалған электр қыздырғышын қоюға, пайдалануға болмайды; бір резеткаға көп электр приборларын қосуға болмайды; электр приборларының қолданарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, үйден шығар алдында электр приборларын (үтік, шөйнек, электр және газ плиткаларын) сөндірілуін қадағалап, оларды балаларға тастап кетуге болмайды; қыстан қалған құл-қоқысты жағуға болмайды; пештің алдына 0,5 x 0,7 м қаңылтыр төселуі керек.

Ұлытау ауданы
ТЖ бөлімі.

Дәрігер кеңесі

МАУСЫМДЫҚ ТҰМАУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

Жедел респираторлы вирустық инфекциясы (ЖРВИ) - ең көп тараған жұқпалы аурулар қатарына жатады, ал оның ішінде тұмау ең белгілісі. Ауру сау адамға науқас адаммен қарым-қатынаста болғанда ауа-тамшылы жол арқылы беріледі. Тұмау ауруының қоздырғышы белсенділігінің күз-қыс айларында артуына байланысты ауру осы мезгілдерде өрши түседі. Ауру қоздырғышы сыртқы ортаға төзімсіз, адамдардың ауруды қабылдағыштығы өте жоғары, инкубациялық кезеңі 1-3 күн. Ауру қоздырғышы жоғары тыныс органдарын зақымдап, адамда жалпы әлсіздік, дене қызуының бірнеше күнге дейін көтерілуі, жөтелу, түшкіру, бас айналу белгілері пайда болады. Ауруға негізінен бейімді топқа қарт кісілер, жылына 3-4 рет тыныс жолдарына жиі суық тиіп ауыратындар және «Диспансерлік» есепте тұратын ересектер мен 14 жасқа дейінгі балалар жатады.

Тұмау ауруының маусымдылығы кезінде халық көп жиналатын орындарда (қоғамдық тамақтану және сауда орындарында, халықтық банк, ұйымдасқан коллективтерде) дәке тағу режимін сақтау, залалсыздандыру жұмыстарын сапалы өткізу, мерекелік шараларды

тоқтату аурудың таралуының алдын алу жолдарының бірі болып табылады. Сонымен қатар адам ауырған жағдайда емдеу мекемесіне өзі бармай, керісінше жедел жәрдем бөліміне хабарласып, дәрігер шақырғаны дұрыс, бұл да инфекцияның таралуының алдын алу болып есептеледі.

Биылғы 2016-2017 жылғы маусымдылық кезінде тұмау вирусының А (H1 N1), А (H3 N2) және В түрлері қоздырғыштары болады деп болжауда.

Қазақстан Республикасында тұмау ауруының көптеп тіркелуі қаңтар айының басынан бастап ақпан айының ортасына дейін жеті мүмкін деп болжануда.

Тұмау ауруынан қорғандық ең басты жолы тұмауға қарсы егілу, бұл жұмыстар тұмау ауруының маусымдылық кезеңінің алдында қазан айында жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2009 жылғы №2295-ші Қаулысына сәйкес тұмау ауруына қарсы егу жұмыстары ақылы жүргізіледі. Осыған байланысты әрбір азамат тұмауға қарсы вакцинаны өз қаражатына сатып алуы тиіс. Жыл сайын тұмау қоздырғышының штампы немесе түрі өзгеріп отырады, сондықтан әр жылға арнайы вакцина дайындалады, егілген адамдарда 2-3 апта көлемінде 1 жылға дейін иммунитет қалыптасады.

Қазіргі уақытта еліміздің барлық

аймақтарында тұмау ауруына қарсы егу жұмыстары жүргізілуде, әрбір азамат жекеменшік дәріханалардан «Флюарикс», «Инфлювак», «Ваксигрипп» вакциналарын өз қаражатына сатып алған жағдайда, жергілікті емдеу мекемесіне барып, тегін ектіріп алуларына болады. Аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы тарапынан мекеме басшылары қарамағындағы қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу жұмыстарын жүргізу қажет, егер мұндай мүмкіндік болып жатса тұмауға қарсы вакциналарды төмендегі мекемелерге хабарласып, сұраныс беруге болады:

ТОО «Медсервис плюс» - Қарағанды қаласы, ТОО «Альбедо»-Алматы қаласы және Қарағанды қаласында бөлімшесі бар. ТОО «Медикер» - Қарағанды қаласы, бұл мекеме егерде сұраныс көп болса осы жерге келіп вакцинация жасауға дайын.

Тұмауға қарсы егілу тұмаудың алдын алудағы ең тиімді шара екендігін ұмытпайық.

Е.ТАНАБАЕВ,
Ұлытау аудандық
Тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
басқармасының бөлім
басшысы.

«БЕТІНЕН СҮЙСЕМ БЕРІ ҚАРАЙДЫ» ДЕП ЕДІМ

Анашым Сәлияның рухына

Өксік өлеңім өзіңе Ана, арналар,
Арсыз ажалға жасай алатын бар ма амал?
Менің үйімнің үстінде ұшып жүр екен,
Түсімде көрген қаңқылдақ қара қарғалар.

Жанымның сірә, табылмайды ғой бір емі
Бағымның қайда бақыт тілейтін тірегі?
Алланың ісін алдымен сезген сол болар,
Алатау маған жабырқау қарап жүр еді.

Сергелдең күйде сапарға шықтым далама,
Тек жақсы ойды жинақтап алып санама.
«Бетінен сүйсем бері қарайды» деп едім,
Безбүйрек тағдыр көп көрді оны Анама.

Сұрап үлгердім барлығы үшін кешірім,
Мамаң бар кезде жалғанның мынау несі мұң?
Соңғы деміңмен мені күттің ғой сеземін,
Соңғы сөзің де болыпты менің есімім.

Жадымда мәңгі жарқын бейнеңмен қаласың,
Пенде көңілім іздейді іштей панасын?
«Мұқағалиым келеді ертең» деп жүріп,
Өзің қай жаққа асығып кеттің, Анашым?

Әкем де шерлі, таба алмай таңнан жұбайын,
Ағам да шерлі жазмыштың байқап сыңайын.
Жастықты жырлар шағымда мынау жалынды,
Жоқтау жаздырып қойғаның қалай, Құдайым?

Қалғаным анық орныңды сипап абдырап,
Құстарсыз қапты ауыл шетіндегі әлгі бақ.
Көзден жас шыққан ештеңе емес екен ғой,
Жүрегің үнсіз тұрған кезінде қан жылап.

Қара бұлт енді торлай көрмеші аспанды,
Қара шаңырақ табалдырығыңда жас қалды.
Қара жамылған бауырларыма сабыр бер,
Қара балаңның сырлы сандығы бос қалды.

Өткінші өмір өкініш болып зырлайсың,
Өтірік дүние зарымды қалай тыңдайсың?
Қадіріңді Ана, енді түсініп жатырмын,
Қабіріңе мың барсам да білем тұрмайсың...

Мұқағали СЕЙТҚАЗЫ,
қатардағы сарбаз.
Алматы.

АЛЛА СЕНІ АЛДЫҢНАН ЖАРЫЛҚАСЫН

Тас жарып аққан бұлақ тұнығындай,
Азамат ең асылдың сынығындай
Жалындаған шағында қырық үш жаста
Ажалдың іліктің-ау құрығына-ай
Қалды ата-анаң, жарың мен балаларың,
Кенеттен алып кетті-ау сені құдай.
Аға-іні, қарындас, апаларың,
Көл қылды көздің жасын жылай-жылай.
Өміріңді қысқа етіп жаратушы,
Тағдырыңды жазды екен неге бұлай?

Ұлытаудай ұлы жердің түлегі едің,
Бізге қуаныш, отбасыңа тірек едің
Тірі болсаң сен бүгін ортамызда,
Жарқылдап, ойнап-күліп жүрер едің.
Біз үшін сияқты едің әлі бала,
Қайырымсыз, сұм ажалға бар ма шара?
Орныңды ойсыратып алып кетті
Жанымызға жазылмас салып жара.

Өмірде өшпейтұғын қалды соқпақ,
Дәм таусылып, қалғанша жүрек тоқтап.
Жарқын бейнең сақталат көкіректе,
Дұғадан өтерміз біз сені жоқтап.
Тілейді ата-анаң, ауыл, халқың,
Болсын деп, Алла алдында жүзің жарқын.
Хош бол, Әжібек, ардақты, асылымыз,
Алдың жарық, қайырлы болсын артың.

Әкелері: Мағзұмбек, Әділбек, анасы Ажаркүл,
зайыбы Гүлжанат, аға-іні, апа-қарындастары,
балалары Әмірбек, Ғибрат.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының ұжымы осы мекеменің қызметкері Гүлсұлу Балдуоваға ағасы

Әжібек ӘДІЛБЕКҰЛЫНЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



ҰЛЫТАУДЫҢ ҚОС ҰЛАНЫ

Жасұлан АЯШЕВ

1935 жылы Алматыдағы есеп-кредит техникумында оқыды. Оқып жатқан есептік қызметі мамандығынан мүлдем алыстап, бос уақытын әдебиетке арнап, соның қызығына түседі. Бұдан кейін «Болашақ» поэмасы, «Ауылдан Алматыға» деген ұзақ әңгімелер жаза бастайды. Баубектің «Мен өмір сүргім келеді», «Заман біздікі», «Шығыс ұлына хат» туралы көркем туындылары әдебиет әлемінде өзінің орнын тауып, келер ұрпаққа мұра болып қалуда.



Мұқан Иманжанов 1916 жылы Ұлытау селосында дүниеге келген. 1938 жылы Алматы қаласындағы есеп-кредит техникумын оқып бітіреді. Қазақ-оқырман қауымы арасында кеңінен танылып, жазушы есімін әйгілі еткен «Алғашқы айлар» хикаясы мектептегі оқу-тәрбие тақырыбына арналған. Шығармашылық жолын қысқа әңгімелер жазудан бастаған Мұқан «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет атқарған жылдары емін-еркін көсіліп, көптеген көркем очерктер мен көсемсөздерді, хикаят, пьесалар мен әдебиет туралы толғаныстарын жазған болатын «Адам туралы аңыз» көсемсөздері мен «Көк белес» романын жарыққа шығарып, қазіргі таңда көпшіліктің сүйікті шығармасы-

Баубек Бұлқышев 1916 жылы Ұлытау селосы Сарлық ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан алғыр, өжет болып өсті. 1932 жылы Қарсақбайдағы фабрика-зауыт училищесінде оқып білім алған. Одан кейін «Ұлытау кеңшарында» шағын қызметтермен айналысады.

на айналды десекте болады.

Жуырда аудандық орталық кітапхананың әдіскері С.Дюсенбаеваның ұйымдастыруымен Б.Бұлқышев пен М.Иманжановтың ескерткіші орналасқан саябақта мектеп оқушыларына арналған патриоттық сағат өтті. Кітапхана библиографы С.Бірмағанбет мектеп оқушыларына қос ақынның өмірбаянымен таныстырып, шығармаларына шолу жасап өтті. Келесі кезекте кітапханашы Д.Байторина Б.Бұлқышевтың «Шығыс ұлына хат» өлең жолдарынан үзінді оқып, ақын Бауыржан Жақып-

тың Б.Бұлқышевқа арнаған өлеңіне қысқаша тоқталып өтті. Бұдан кейін 8 «а» сынып оқушылары Б.Бұлқышевтың өлеңдерін мәнерлеп оқыды. А.Қожабай «Жүріп келе жатырмын», Н.Дүйсенбаев «Балтық жағасында», Д.Жасұлан «Достық», Ж.Орынбек «Жолаушы сыры», А.Ерназар «Досыма», А.Танабаева «Өмір» тағы басқа өлең шумақтарын мәнерлеп оқыды. Аудандық орталық кітапхананың директоры С.Ниязова жиналғандарға Баубек пен Мұқан жазылған естеліктерге тоқталып, шығармалары жайында әңгімесін өрбітті. «Патриоттық сағатқа» белсене қатысқан мектеп оқушыларына алғысын айтып, шағын сыйлықтар табыс етті.

Қоғам. Адам. Заң

ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ мен МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алдағы қазан айына жоспарланған Қазақстан Республикасы Судьяларының VII съезі біздің елдің ғана емес, алыс-жақын мемлекеттердің де назарын аударып отыр. Бұл жолғы қазақстандық судьялар құрылтайы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» — Ұлт жоспарына пәрмен беру мақсатында қолға алынған тың бастамаларымен ерекше.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының VII съезінің мерзімінен бұрын өтуіне не себеп? Бұл ең әуелі бүгінгі қоғамның судьялардың кәсіби және моральдық бейнесіне деген талабының өсуінен туындап, қолға алынып отырған қадам. Оның үстіне Судьялар әдебі Кодексіне заманауи жаңалықтарға, құрылымдағы өзгерістерге орай, негізгі тетіктердің ескіргені біраздан бері сөз болып келе жатқан еді. Елбасының Ұлт жоспарында қазылардың этикалық кодексіне қатысты айтылған талабы мен берген тапсырмасы Әдеп Кодексіні жасауға түрткі болып, көпшілікке қосау салғаны рас. Осы ретте Кодекстің құрылтайдың басты тақырыбына айналуы еліміздің әр судьясы үшін де аса маңызды оқиға болмақ. Өйткені, қазылар үшін Әдеп Кодексінің орны бөлек. Бұл — судьялардың қызметтегі, қоғамдағы, отбасындағы орнын, әрекетін, өзіне-өзі ұстауын бағамдап беретін басты құжат. Көптің көкейінде жүрген жаңа Кодекстің жобасы 3 тараудан, 14 баптан тұрады. Сол сияқты жаңа Кодексте судьяның күнделікті қызметінен тыс уақытта өз құзыретін өзінің, отбасы, жақын туыстарының, таныстарының мүддесі үшін пайдаланбауы анық айтылған. Ендеше осындай үлкен жобаның Елордаға жиналған республика қазылары мен заңгерлердің ортасында таны-

стырылып, талқыланып, қабылдануы құптарлық жағдай.

Жалпы, республикалық қазыларының құрылтайында қаралатын Судья әдебі кодексінің жобасы жалпы сот жүйесінің тарихында қалатын тақырып болары сөзсіз. Бұлай деуімізге аталған тақырыптың Мемлекет басшысының бастамасымен жарияланған тарихи құжат — бес институционалдық реформамен тікелей байланыстығы себеп бола алады. Яғни, бес реформаны жүзеге асыру мақсатындағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сай, баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет құру кезек күттірмейтін іс десек, 19 қадамға сай, судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, жаңа этикалық кодексіні қабылдау алдағы алқалы бас қосуда пысықталады деп күтілуде. Бұл алқалы жиын келешекте сот төрелігіне жүгінген азаматтар үшін де айтулы оқиғамен тең. Өйткені, азаматтар қазылардың Этикалық Кодексі негізінде, судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің Жоғарғы Сотының жанынан құрылған арнайы сот алқасына шағымдануына мүмкіндік туады. Осылайша билік пен халық арасындағы байланыстың оң жолға қойылуы, «заң алдында хан да, қара да тең» деген қағиданың бүгінгі қоғам өміріне енуіне зор ықпалын тигізетін даусыз. Осы себептен адам тағдырын таразыға

салар судьялар білімді, білікті ғана емес, бойына барлық ізгі адами қасиеттерді жинақтаған, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білетін әдепті де болуы шарт. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қазақтар ежелден-ақ дауға әділ билік айтпай, туғанына тартушылықтың имансыздық, ал адами тілмен айтқанда әдепсіздік екендігін меңзеп отырған сияқты. Қарақылды қақ жарардай әділ билік айту үшін де бұрынғы билермен бүгінгі судьялардың бойында тұрашылдық, әділдік, байыптылық сияқты адами жақсы қасиеттер болуы қажет. Міне, сондай судьяны ғана халық сыйлап, билігіне мойын ұсынбақ!

Мемлекеттік органдарда қызмет ететіндер арасында қызмет бабын жеке басының мүддесіне пайдаланатын жемқорлық сипаттағы заң бұзушылықтар өкінішке орай кездесіп жатады. Судьялардың арасында да жемқорлыққа қатысты заң бұзу жағдайлары сирек те болса орын алып тұрады. Судьяны заң бұзушылық қана емес, жалпы адами теріс қылықтарға барудан сақтандыратын Әдеп кодексі талаптары жемқорлық сияқты жаман әдеттен аулақ жүруге үндейтіні анық. Жалпы алғанда, Әдеп кодексіне судьялардың өміріне қатысты барлық жайлар мен жағдаяттар толыққанды қамтылған. Осыған орай, кодекс судьялардың кәсіби қызметіне қатысты ғана емес, барлық жағдайларда өзінің адами бет-бейнесін заман талабына сай қалыптастыруына игі ықпалын берері анық.

Х.ЕРЖАНОВ,

Ұлытау аудандық сотының аға сот жасауылы.

ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Есірткі — адам өмірін өлімге әкеліп соқтырады. Оны жеткізіп, таратушы адамның өмірі, ал басқасында — оның «көмегімен» қиылған есірткіні пайдаланушының өмірі тұр. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының қылмыстық-іс жүргізу Кодекстеріне және есірткінің заңсыз айналымы аясындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша әкімшілік құқықбұзушылықтары жөніндегі Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы әзірленіп, қабылданған болатын. Сонымен қатар, есірткі қылмысы тікелей заңсыз табыс табумен байланысты болғандықтан, қылмыстың әрбір құрамы үшін мүліктерін міндетті түрде тәркілеу енгізілген.

Бүгінгі күні біздің елімізде осы есірткі мәселесі жайлы толғанбайтын адам қалмаған болар. Әсіресе, қазіргі кезде жастар мен жеткіншектер арасындағы есірткі мәселесі аса күрделі мәселе болып отыр. Бұл нәубеттің әрбір үйге, әрбір сыныпқа, әрбір отбасына енуі мүмкін — шұғыл қимылдау қажет. Статистикалық есептерде — бұл көрсеткіштер, ал адами тұрғыда — бұл тірі жандардың өмірі. Солардың әр қайсысына барлығымыз бірлесіп, педагог-



тар, дәрігерлер, ата-аналар және жеткіншектердің өздері де қолғабыс беруіміз керек.


Тамыз айының 28-і күні Ұлытау ауданы төңірегінде есірткі өсімдігі анықталып, оқиға орнын жедел түрде қарап-тексеру барысында кептірілген марихуана есірткісі табылған болатын. Аудандық ішкі істер бөлімі ғимаратының артқы жағындағы ашық жерге есірткі затын жоюға 2188 түп есірткі өсімдігін арнайы бөлектеп алып, аузы мөрленген қапқа салып, жалпы салмағы 3 келі есірткі өсімдігін арнайы жағып, өртеді. Бұл есірткі заттарын жоюға аудан прокуратурасының прокуроры А.Бірімбетов, аудандық ІІБ-нің басшысының бірінші орын-

басы Р.Ділмұхамедов, аудандық ТЖБ инспекторы Д.Мұхамбетов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Сакипов, Жезқазған қаласының ІІБ-нің ЕБҚКБ-нің жедел уәкілі Н.Бигалиев, Қарағанды облысы ССИ (Жезқазған қаласы) аға сарапшысы Ж.Усанова, аудандық орталық аурухана басшысының орынбасары З.Жаңбыршиева, аудандық ІІБ-нің сақтау камерасының жауапты полициясы М.Жақан қатысты.

Елдегі есірткімен байланысты жағдайды жақсарту бойынша ауқымды жұмысты біз барлығымыз жұмыла атқаруымыз қажет. Сонда ғана біз оңтайлы нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Қолдау болмаған жерде бірде бір іс табысты аяқталмайды. Күш-жігерімізді біріктіріп, елдегі қоғамдық есірткі имунитетін құруға бағыттауымыз керек. Ең бастысы—есірткі бизнесіне және нашақорлыққа қарсы бірлесе отырып, күресуіміз қажет.

Ө.ЕРЖАНОВ,

Ұлытау ауданы ІІБ-нің ТТ-ның тергеушісі, аға лейтенанты.



Директор-
Бас редактор
Елтынды
ДҮЙСЕНБАЕВ

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімсізі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Бұлқышев көшесі, 11- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады, Таралымы - 1400 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 42